
ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

**№2 (34)
2017**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені**

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№2 (34)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2004 жылғы 11 тамызда
№5336 – Ж куәлігі берілген.*

**Редакциялық алқаның
төрағасы:**

А. Мұхамедиұлы

Редакциялық алқа құрамы:

А. Баталов
Қ. Асыллов
Ғ. Мелдешов
Ж. Ерғалиев
А. Смағұлов
Х. Әбжанов
Н. Уәли
А. Жартыбаев
С. Иманбердиева
Д. Қыдырәлі
С. Әбдірахманов
Т. Жақсылықов
Т. Қышқашбаев
М. Серікбайұлы
Н. Жүсіп
С. Негимов

Бас редактор

Қ. Әбіл

Бас редактордың орынбасары

Г. Құбашева

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ

Алаш қайраткері Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгерұлының отандық журналистика («Балапан», «Жас азамат», «Ақжол», «Сана»), проза («Тұтқынның ойы», «Отаршылдық ұсқындары», «Қанды толқын», «Момынтай»), поэзия («Жазғытұры», «Бақ іздеген», «Солған гүл», «Сүйікті сәулем», «Атаң менен анаңды», «Елге хат», «Абақтыдан хат» т.б.), драматургия («Алтын сақина», «Парашалдар», «Ескі оқу»), көркем аударма («Пайғамбар» (Пушкиннен), «Сәскелік көлеңке жағасында» (Никитиннен) сонымен қатар лингвистика, тарих, әдеби сын, оқу-әдістеме саласындағы сан салалы ғылыми-шығармашылық еңбектері ұлтымыздың асыл мұрасы.

Ұлт перзентінің «Қазақ тарихынан» (Мәскеу, 1924), «Бұрынғы езілген ұлттар» (Мәскеу, 1925), «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу, 1925), «Егін салу турасында», «Оқу құралы (Жауропалықтар үшін). 1-бөлім» (Ташкент, 1928), «Жауропалықтар үшін II жылдық оқу құралы» (Қызылорда, 1929), «Химия» (Лебедев П. Жеті жылдық мектептің 5-ші, 6-шы жылдарында оқытылатын кітап. Аударушы Кемеңгерұлы Қ.) (Қызылорда, 1929) санатындағы зияткерлік ізденістері ұлтына қызмет етуді өмірлік мұрат етіп ұстанған дарындардың өнерпаздық болмысында тоғысып жатқан әмбебаптық қасиет пен тереңдік, өз ісіне деген шынайы кәсіби сүйіспеншілік пен адалдықты танытады.

«Қазақ тарихынан» еңбегінде отарлаудан туындаған қысымға қазақтар саяси, рухани тұрғыдан қалай қарсылық жүргізді, елдігін сақтауда қандай тарих өткелдерінен өтті деген мәселелер байыпталған. Кітаптың «Меңгеру жайы», «Мәденилеу орыс қандай үлгі берді?» бөлімдерінде отаршылдық пен ұлттық рух текетіресі екшелген.

«Бұрынғы езілген ұлттар» кітабында орыс отаршылдығында жаншылған ұлт пен ұлыстардың тарихы қамтылған. Еңбектің «Түркістан автономиялы республикасы» бөлімінде «Түріктің алтын бесігі – Алтай, ержетіп, өсіп-өнген ордасы – Түркістан» деп жазады Қошке Кемеңгерұлы. Ал «Қазақ автономиялы республикасы» бөлімінде қазақ хандығы құрылған 1465 жылдан бастап, автономия жарияланған 1920 жылға дейінгі аралықтағы ел мен жер тарихы шолу тұрғысынан баяндалады.

Алаш ұлының әрбір еңбегі қазақ жерінің тауы мен тасын, су мен көлін, өсімдігі мен топырағын тануда ерекше мән-мағынаға ие. Назарларыңызға Алаш қайраткерінің «Жауропалықтар үшін II жылдық оқу құралы» (Қызылорда, 1929) еңбегінің «Аймақтану» бөлімін ұсынып отырмыз.



VII. Аймақтану

§139. Қазақстан жері

Қазақстан тұрған орны жердің белдеуінде де емес, жердің төбесіне де жақын емес, Қазақстан орта үйекте.

Қазақстанның ауданы өте зор. Қазақстанда үш миллион шаршы километрдей жер бар. Жерінің кеңдігі бір жағынан тиімсіз: ол шеті мен бұл шеті неше мың шақырым болған соң, шеттегі елдер мен кіндіктің қатынасы қиын болады, қала берді жер арасы шалғайлығынан бір аудан мен екінші ауданның қатынасы не кем болады, не мүлде қатынасы болмайды. Алматының алмасын, темекісін, балын Атбасар, Торғай уездері алып жемек түгіл, атын да естімейді.

Жер кеңдігінің тиімділігі де болады: шаруашылық дамып тұрса, бір ауданға керек нәрсе екінші ауданнан табылып тұрады. Жердің шалғайлығын жену үшін тек теміржол керек. Мұнан соң бір аудан шаруасы күйзелгенде, жер кеңдігінен екінші аудан шаруасы аман қалады.

Қазақстанның шегі: батыстан темірқазық, шығыс, оңтүстікке қарай айналсақ, Қазақстан батысқа Каспий теңізінен шығып, Астрахан, Саретсін, Саратау, Самар, Орынбор, Түмен, Омбы, Алтай губернияларымен шектес. Онан қытай мемлекеті, қырғыз, өзбек, түрікпен республикаларымен шектес.

Қазақстанның қытай мен оңтүстік шегі аспан мен тілдескен Тянь-Шань таулары; өзбек, түрікпенмен шегінің көбі – шөл, Батыс Каспий теңізі, Арқалық жақ шегі жазық.

Қазақстан жерінің бедері: қазақ жерінің беті тегіс таулы деуге де иә тұтас жазық деуге де келмейді, қазақ жерінің беті шығысқа қарай аттаған сайын биіктей береді.

Семейдің шығыс бұрышында қысы-жазы басынан ақ жаулығын тастамай Алтай таулары жатады. Алтайдан бері Сәуір тауы мен Тарбағатай жеделдес. Оңтүстіктен барып Тянь-Шаньның сілемі косылады. Тарбағатайдан бері асқан соң таулар аласарыңқырайды. Бірақ арасын үзбей, бірінен-бірі қара жазбай, тізбектесіп отырады. Сол ұзыннан ұзақ таулардың күдірейген қыр арқасы Көшетаулатып Қарқаралы тауларынан жалғасады. Сол күдірейген белдің Семей жағында Шыңғыс пен Мақан таулары қалады.

Қараөткел уезіндегі Арқалық, Айымсық тауларынан бері өткен соң таулар көбінесе аласарып бұйратқа айналады. Тегіс аққан басынан Торғайға қарай бет алып шыққан соң бұйратымыз жай дүңсеге айналып Қостанайға қарай көтеріледі.

Қостанай мен Ырғыздың жапсарынан өтіп бара жатқан ұзын белді «Сарыарқаның белі» дейді. Сарыарқа белінің үстінен су кесіп аға алмайды. Сарыарқа белі Қазақстан өзендерін иә мұз теңізіне, иә Арал мен Балқашқа қарай ағызады.

Шыңғыстан бастап, Мұғажарға шейін қазақ жерін ортасынан Сарыарқа белі кесіп өтеді.

Қазақ жері үш жазық еңкеуге бөлінеді: 1) Сарыарқа белінің темірқазық жағында сібірлік жазық; 2) Сарыарқа мен Тянь-Шань арасында Арал-Балқаш жазығы; 3) Мұғажардың батысында Каспий жазығы. Жоғарғы айтқандарымыз – Қазақстан жерінің бел омыртқасы. Осы бел омыртқаның екі бетінде де әр жерде некен-саяқ шоғырланған, иә созылған таулар мен жондар бар.

Сарыарқа белі жонға айналып, дөңейттелген жерінің Мұғажарға айқасып келген екі ортасындағы алапты Торғайдың жоны дейді. Мұғажар тауы Аралға аласарыңқырап барып, Каспийге қарай жарланып бұрылады. Мұғажардың осы құйрығы шың аталады. Шыңның оңтүстік беті Арал мен Каспий арасында жалпақ жон – жол болады. Адайдың үстірті осы. Маңғыстау түбегіндегі жарыса жатқан екі тауды Ақтау, Қаратау дейді.

Оралда да әр жерде таулар бар. Орал таулары көбінесе Самар бетіндегі сырттың етегі болады.

Таудан гөрі Қазақстан шөл мен құмға бай. Бөкейліктегі атақты Нарын құмының ұзындығы 240, ені 220 шақырымдай. Оралда атақты Тайсойған, Көкөзек құмдары біраз жер алып жатыр. Қазалы мен Шалқар арасында әйгілі Қаракұм, Ұлыборсық, Кішіборсық қанша жерді алып жатыр! Қаракұм жанында Торғайдағы Аққұм, Тосын, Қашалақ құмдары, Ақмешіттің арасы өрелі киіз қасындағы тоқымдай. Ақмоланың оңтүстігін бөксеріп 70 мың шаршы шақырымдай жерді алып жатқан бетбақтың айналасы да құмға ешкімнен сорлы емес. Мойынқұм, Сәмет, Жетіқоңыр бетпақты бағып жатыр. Шу бойы мен қалың құм жарысып отырады. Балқаш оңтүстігіндегі қалың шағыл да қара құмнан қалыспайды. Барлық құмның әкесіндей Қызылқұм жатады.

§140. Қазақстан сулары

Қазақстан жеріндегі сулар екі түрлі: 1) ағынды сулар – мұнымыз өзендер; 2) ағынсыз сулар – мұнымыз көлдер. Үлкен теңіз Қазақстанда жоқ.

Қазақстанда өзен аз; кеме жүрерлік ірі өзендер тіпті жоқ. Кеме жалғыз Ертісте ғана жүреді. Қазақстанның таусыз жерлері өзенге өте-мөте кедей.

Ертіс-Есіл еңкеуімен мұз теңізіне бет ала ағатын өзендердің ірілері мыналар:

Е р т і с: бүтін Ресейдегі ірі өзеннің бірі. Ертіс суы тұщы. Өскеменге шейін айнадай жылтыр, тап-таза, Өскеменнен төмен ылайлана береді. Ертіс басы Моңғолия ішінен оңтүстік Алтайдың мөңгелегіне шығады.

Ертістің оң қабағы – жар, биік, сол беті аласа болып отырады. Тасыған кезде Ертіс суы молайып, арнасынан асып, 10, 15 шақырым жерге жайылады. Теңізше жалпаяды. Жазғытұрым елді пішенге кенелтеді. Көп елді асырайтын анасы – Ертіс, жүгін таситын белді көлігі – Ертіс. Алты ай жаздай Ертіс бетін ерсілік-қарсылы кеме айғыздаумен болады. Ертістің бір айыбы – саласы кем, аяғында жоққа тәндік.



Е с і л: басы Сарыарқа беліндегі Ныйа тауларынан шығады. Есіл арнасы бір олай, бір бұлай бұрылып отырып, Ертіске құлайды; ұзындығы мың шақырымға таяу. Есіл суы тұщы. Тасыған кезде сабасынан шығып, жайылып, алабы тоғай болады. Тоғай сырты шұбалған егіс. Есіл көбінесе мал баққан шаруаның қонысы. Есіл де салаға бай емес.

Т о б ы л: басы Орал тауларының бөктерінен шығады. Тобыл барып Ертіске құяды. Тобылдың әр жерінде үлкен жайылмалар бар. Тобыл Қостанай ауданының үстінен ағады.

Ертіс еңкеуінде теңізге жетпей көлдерге, жай ойпаңға құятын өзендер: Шідерті, Өлеңті, Сілеті, Нұра, Құланөтпес, Жақсыкөң, Жаманкөң, Керей, Қыпшақ. Бұлардың ішіндегі үлкені – Нұра, Қорғалжын қопасына құяды. Бұл өзендердің шаруашылыққа маңызы – Есіл-Ертістей болмаса да, бұлардың жағасына ел қоныстап, жайлап пайда шығарады.

С а р ы с у: Балқаш еңкеуімен ағатын, Сарыарқа белінен шығатын өзендердің ішіндегі үлкені. Сарысу саласының көбі оң жағынан құлайды. Сарысу жазғытұрым тасығанда ғана тұшиды, көшпелі елдің қонысы Сарысудың бойы.

Т о қ ы р а у ы н: қысқа өзен болғанмен шаруаға пайдалы Тоқырауын Балқашқа қарай ағады. Арнасын құм басқан Тоқырауынды берекелендіріп отырған егінші қазақтар. Бұлар Тоқырауын тоғанын жылма-жыл аршып, бейнетпен жеңіп, қолмен суарып, жоңышқа, ақ бидай алады.

Ы р ғ ы з: Сарыарқа белі мен олардың түскен жерінен шығып құрдым деген сорға құяды. Ырғыздың басы тұщы, ортасы алғау, аяғы ащы. Ырғыздың бұтақтары молдау. Ырғыз уезінің құты – Ырғыз суы. Ырғыз тасыса, ел пішенге қарық болады, тасымаса жұтайды.

Т о р ғ а й: Басы Сарыарқа белінен шығып, Ырғызбен бірге құрдымға құлайды. Ырғыздың саласы көп. Торғайдың атақты Шабындылары салаларының бойында болады. Сарының Қоңыраулы деген сағасы бірнеше болыс елдің малын пішенімен асырайды. Торғай елінің шаруасының еметін бір емшегі Торғай. Торғай – тұщы су.

Сырдария: Орта Азиядағы ең ұзын өзен. Суы тұщы, түсі құла. Сырдың басы бұтақты, аяғы сида. Түркістанның меңіреу шөліне жан беріп тұрған жалғыз Сырдария. Түркістан шаруасының жұлын тұтасы осы Сар суы сулай бастаса, Түркістан шаруасының жұлын тұтасы үзіле бастайды.

Сыр жаз ортасында күздігүні тасиды. Сырдың жайылмалары аяғына таянғанда қалың қопаға айналады.

Т а л а с: Көбінесе Әулие ата уезін суарады; суы тұщы, жер суаруға маңызы зор.

Шу: Теріскейдің теріс бетінен, Сырдың оң бетінен, Ыссы көл тұсынан шығады. Саумал көлге құлайды. Шудың кей жері ащы, кей жері тұщы. Шудың жағасы қопалы, басы бұтақты. Су – көп қазақтың егіні мен шабынын суаратын анасы.

І л е: Теріскей басынан Хантәңірінің (қазақша Әулие шоқы) Темірқазық

бетінен шығып 1, 300 шақырым жүріп Балқаш көліне құяды. Іле бұтаққа бай. Бұл күнде Ілеге кеме жүргіземіз деген жоба бар. Іленің төменгі жағы қопалы. Болашақта Іленің шаруашылыққа әсері мол. Іледен басқа Жетісудың Балқашқа құлайтын ірі өзендері: Қаратал, Ақсу, Лепсі.

Каспий еңкеуімен Каспийді беттеп ағатын өзендер мыналар:

Ж а й ы қ: Басы Орал тауларынан, башқұрт ішінен шығады. Үйіріліп ағып Каспийге құлайды. Жайық жайылмасы кейде 10-15 шақырымға созылады. Жайық ең пайдалы өзеннің бірі – суы тұщы, балығы мол. Жайылмасы көп. Орыс халқы Жайықтың түбі алтын, жиегі күміс деп өлеңге қосады. Жайықтың басы бұтақты, аяғы сида.

Бұл еңкеумен ағатын белгілі өзендер: Аңғаты, Қалдығайты, Бүлдірті, Шідерті, Жымпиты, Ойыл, Сағыз, Жем. Көбінің суы иә саумал, иә ащы болады. Көбі теңізге жетпей құриды.

Бөкейліктегі белгілі өзендер: Сарыөзен, Қараөзен.

Қазақ жеріндегі өзендердің шаруаға қолайлы екі қасиеті бар: 1) бәрінің де жайылмасы бар – мал баққан елдің қонысы, жағалары кең шалғын; 2) Түркістандағы өзендері егін суарылатын кезде жаздыгүні тасиды; 3) Арқадағы өзендері шалғын шығар алдында жазғытұрым тасиды. Өзендер осы әдетінен танған жылы жұт болуға айналады.

К ө л д е р: бірқатар көлдеріміз жазғытұрым қар суымен жиналып, күзге қарай кеуіп кетеді. Мұндай көлдерге көбінесе май, июнь айларында шаруа шығады, жылқыға серне болады, тез семіртеді. Мұндай көлдер жылқының ата қонысы.

Кейбір көлдері Қопа, Қопаның суы көбінесе алғау. Қопалы көлдер шабынды, қыстаулық болады. Қопаның ең үлкендері Қорғалжын (Ақмола мен Атбасар аралығында) Сарықопа (Торғайдағы қоңыраулы сағасында) тағысын тағылар.

Кейбір көлдер сорға айналады. Сор өте-мөте Сарыарқа белінің оңтүстігінде көп, бөкейлікте көп. Сарыарқа белінің екі қабырғасындағы Теңіз, Шалқар деген көлдердің бәрі сор – Солардың иә су жағынан, иә басқа жағынан түк қасиеті жоқ. Кейбір көлдер тұзды. Қазақстан тұзды көлге өте бай. Ең ірі көлдер: Арал теңізі. Бұл балыққа бай.

Б а л қ а ш: Семей мен Жетісу шегінде. Ұзыны 400 шақырымға таяу.

А л а к ө л: Жетісудың шығыс бұрышында, балықты.

З а й с а н – өзені 100 шақырымдай, ені 30 шақырымдай, тұщы, балықты.

М а р қ а к ө л: ұзыны 35, ені 15 шақырымдай, балықты.

Қазақстан шаруашылығының бас жауы құрғақшылық, сусыздық, Қазақстан суын зерттеуіміз, білуіміз – ірі жұмысымыздың бірі.



§141. Қазақстан топырағы

Қазақстан топырағы әлі тегіс, дұрыс зерттеліп болған жоқ. Көбінесе Арқа жақтағы тәуір топырақтары отарларға жарарлық аудандардың, болыстардың топырағы зерттеліңкіреген. Төңкерістен соңғы зерттеңкіреп жүрген, көбінесе қоныстандырып жатқан иә алдыңғы қарқында қоныстандыруға ұйғарылған аудандар. Семейдің шығыс бұрышындағы тау етектерінің, Сырдария мен Жетісу тауларының бауырларының тәуір топырақтары зерттеліңкіреген. Жалпақ сары дала топырағы егінге қолайсыз. Ішкі Ресейден қара шекпен орнатуға келмейтін топырақ тиіп қаш есебінде ғана зерттелген. Сондықтан Қазақстанның пәлен жерінде пәлен топырақ бар, ол топырақтың ауданы пәлен десе, шегі пәлен деп бұл күнде ешкім де айта алмайды. Бұл күнгі қолдағы бар дерекке қарап, шамамен ғана Қазақстандағы топырақтар ауданын көрсетуге болады.

Қара топырақ. Егінге ең қолайлы – қара топырақ. Қара топырақ Қазақстанда өте аз. Қара топырақ біздің Арқалық шетімізде құндыздық болып өтеді де, ірі таулардың алаптарында ойдым-ойдым болады.

Арқадан оңтүстікке басқан сайын қара топырақ нашарлана береді. Қара топыраққа жалғас каштан топырақ. Оған жалғас қатқыл, қатқылға тете барлас жатады.

Батыстан шығысқа қарай жүрсек, қара топырақ ауданының шамасы мынау: Самар губерниясына шектес сырт бұйратынан басталған қара топырақ Електің Жайыққа құйған сағасына таянып келеді. Осы жерден Жаманқалаға қарай тартады. Жаманқаладан тіке Қостанайға қарай тартып, көбінесе Тобылдың сол бетімен жүреді. Қара топырақтың Қостанай уезіндегі оңтүстік шеті қырық бойдақ қаласынан сәл оңтүстікке таман, мұнан шығып қара топырақ оңтүстікке таман бұрылып, Көкшетау уезіне құлайды. Бұдан шығып Ертіс құлап Сібірге өтеді. Осы қара топырақтың Арқа жағы жақсырақ, түстік жағы төмендеу болады.

К а ш т а н т о п ы р а қ: Каштан топырақ деп топырақтың түсіне қарай аталған. Каштан түсі – папирос темекісінің жапырағының кепкендегі түсі сияқты иә бұрынғы қазақтың тарыдан қайнатып жасаған сиямен жазған жазуының түсі сияқты. Каштан топырақ сазды да, құмды да болады. Каштан топырақтың тәуірі – қара топырақтың азғыны. Қазақстандағы каштан топырақ екі түрлі: 1) қоңыр каштан; 2) бозғыл каштан. Қоңыр каштан топырақ қара топыраққа таяу жатады. Жауыны жетіссе, Қоңыр каштанға егін салуға болады.

Каштан топырақтың алабы – бөкейлікте Тал өкпе уезі; Оралда Теке қаласы, Ойыл, Жем, Ырғыз, Торғай бастары, Қарқаралы тауларының терістік бетінің арқа жағына қарай болады.

Бозғыл каштан егінге қолайсыз топырақ.

Қ а т қ ы л. Қатқыл дегеніміз – қаза өт көп шығатын топырақ. Бұл топыраққа көп шығатын өсімдік – жусан, майқара сияқтылар. Қатқыл каштан топырақтың оңтүстік жағына да жалғасып жатады. Қазақстанның көп жерін алып жатқан осы

Қатқыл. Қатқыл мал бағуға да тым қолайлы емес. Қатқыл шөбін қой мен түйе тәуір көреді.

Б о р б а с - к е б і р. Бұл топырақтың беті шандатыңқырап жатады. Шаруаға ең қолайсыз осы топырақ. Мұнда бүйіргін, соран, итсигек сияқты ғана шөптер шығады. Борбас-кебір топырақ Адай, Қазалы уездерінде, Ырғыз бен Торғайдың оңтүстігінде, Бетбақ шөлінде, Балқаш маңында. Қатқыл мен кебірдің жауыны да 250 миллиметрден кем: егінге тіпті жеткіліксіз, құрғақшылық ауадан саналады.

Қ ұ м – каштан топырақты ауданнан бастап оңтүстік жағымыздың бәрінде де үлкен құмдар бар.

Сор, сортаң, татыр Қазақстанда сорсыз жер жоқ. Ойдым-ойдым сортаң қара топырақты ауданда да бар. Каштан топырақ ауданында сор мен сортаң молая береді. Бозғыл каштан алабында тақырға ұшырай бастайды. Қатқыл мен бор бас-кебір алабында сортаң мен сор тіпті көп. Бұл алапта үлкен-үлкен тақырлар да жиі ұшырайды.

Қазақстанда сор мен сортаң ойлау-ойлау жерлерде болады. Оның себебі: ойпаң жерге жиылған су мен жер астындағы ащы нәрсе еріп, сумен жоғары шығып, су кепкенде ащы топырақ бетінде шөгіп қала бергендіктен деседі. Қазақстанда Арқа жаққа топырақтың тәуірі дүңірек жерде. Ащылысы ойпаңда болатыны да сонан деседі.

Т о ғ а й л ы қ. Су шаятын жерлерде тоғайлық топырақ болады. Бұларды жайылма дейді. Тоғайлыққа мысал – Қазақстан өзендерінің жайылмалары.

Т а с т ы қ. Таулы, адырлы орындарда көп.

§ 95. Қазақстан өсімдігі

Өсімдік қожасы – екі нәрсе: 1) ауа; 2) топырақ. Ауа мен топыраққа қарай өсімдік болады. Жауын алабына топырақ алабы сәйкес келеді. Осы алаптарға өсімдік алабы да сәйкес келеді деуге болады. Өсімдіктің мұндай белдеулерінің арасында жергілікті шартқа қарай түрлі өсімдіктер де болады.

Қазақстан жауыны терістіктен түстікке қарай жүрген сайын кеми береді. Оңтүстігіміз тіпті құрғақшылық. Арқадан оңтүстікке жүрген сайын құрғақшылыққа шыдамды, жапырағы бүріскен өсімдіктер молая береді (жусан сияқты).

Сөйтіп өсімдіктерді бірнеше алапқа иә белдеуге бөлуге келеді.

1-ші алап – «кілем түрі бозды белдеу». Бұл ең Арқа жаққа, егін салатын аудандарда ұшырайды. Кілем түрлі деуге себеп: өсімдігі кілемнің түріндей әр түрлі бояулы. Бозды деуге себеп – әр түрлі шөптің ішінде ең көп шығатыны бар; боздың ішінде бетеге, сонан соң түрлі жоңышқа, тарбау шығады. Бозды белдеуге шөптер тұтасып қалың шығады. Және бойлары мықыр болмайды. Сондықтан бұл белдеудің шөбі берекелі болады, ел қалыңырақ отыруға келеді. Бұл белдеуде құрғақшылықпен ащылы топыраққа үйлескен, шөптер болғанмен, бірақ аз ұшырайды. Қара – отты иә күз піскен кезінде иә жазғытұрым ғана мал жей алады.



2-ші ащылы өсімдік белдеуі – борбас-кебір, топырақ алабында болады. Қазақстанның шөлдері осы белдеуде. Бұл белдеудің топырағы ащылықтан шөбі де ащы. Шөбінің дені сораң, көкпек. Бұл шөптерді жылқы, сиыр жемейді. Бұл шөптер сирек, бойы тыриып, жерден көтеріле қоймайды; орып, шауып жинауға көнбейді, бұл белдеуде шөпсіз төгірлер көп. Өсімдіктің бұл белдеулерінен басқа әр жерде ауа райына, топыраққа қарай басқа өсімдік алаптары да болады.

Ж а й л а у ш ө б і. Алтай мен Алатау бөктері, үсті шөпке бай. Бұл таулардың бөктеріне ат аяғын алып жүре алмайтын шалғын шығады. Бұл шөпке мал жасырынады. Шөптің дені, қурай. Ұзындығының үстіне шөбі қалың да бітеді. Бұл жапырылған шалғыннан жоғары таудың еңсесіне орман бітеді. Енді орманнан жоғары жайлау шөбі шығады. Жайлау шөбі аласа болады. Төменірек жағы қалың, жоғарылаған сайын сирей береді, аласара береді. Дені аласа бетеге мен түрлі түсті уақ гүлдер болады. Жайлау шөбі күзге шейін қуармайды. Мал бүгін отап жесе, бір екі күнде шүйгіндеп қайта шыға береді. Онысы астында суының жақындығынан. Тауға жоғары шыққан сайын жайлау шөбі аласара береді. Ақырында жерден сәл ғана көтеріліп өсетін болады. Ең жоғарғы шеті мүк бен жер қынаға араласады. Мұнан жоғары кеткен соң тек жалаңаш, тас, қар, мөңді.

Жайлау жоғары жатқандықтан шілде айларында қоңыр салқын болып тұрады. Маса, шыбын ұшырамайды, ту түбедегі қарыдан шымшымдап еріген қардан төмен аққан сел сылдырлап ағып жатады. Қой құрттауды, жылқы бүгелектеуді, сиыр оқыралауды білмейді. Шілдеде ел осында келіп, мал семіртіп, салқын сары қымызға ішін теңдеп жатады. Қазақ малы жайлауға шыққанда төбесі көкке бір жеткендей болып қалады.

Қ ұ м ө с і м д і г і. Қазақстандағы құмдар екі түрлі: 1) қоңырлық, 2) шағыл. Мәселен: қоңырлық қара құмның етегінде көп. Қоңырлық өсімдігі маңындағы жай жер өсімдігі сияқты болады. Шағыл өсімдігі түрліше болады. Шағыл арасындағы шұқырларға қалың шалғын бітеді. Шалғыны көбінесе бидайық, жоңышқа, қияқ болады. Шағылдың қабағына шақыр, құлан көде, тал, жиде, итмұрын, жыңғыл, дүзген шығады. Кей құмдарға құмаршық шығады. Құмаршыққа бай Шағылнарын құмы. Құмаршық шыққан жылы Нарын елі астықты сырттан көп сатып алмайды. Құмаршық жеп шығады.

О р м а н. Қазақстан орманға кедей. Қазақстанның батыс жағынан, шығыс жағы ағаштырақ деуге болады. Ірі ағаштың көбі Жетісу мен Семей губернияларында.

Ақтөбе губерниясындағы ағаштың дені – тал, терек, үйеңкі, қайың.

Орал губерниясындағы ағаштың дені – терек, емен, шегіршін, қаратал, жөке.

Ақмола ормандарының дені – қарағай, қайың, тал.

Семей ормандарының ағашы – терек, тал, қарағай, қайың.

Сырдария орманының қылқанды ағаштылары Зеңгертаулар арасында болады. Жалпақ жапырақты ағаштылары өзен бойларында бітеді. Сексеуілі құмды жерге шығады.

Жетісу ормандары да Сырдарияныкі сияқты бітеді.

Түркістандағы орманның көбі сексеуіл. Сексеуіл қызулы болады, бірақ үй салуға иә басқа нәрсе жасауға келмейді.

§ 96. Қазақстанның кені

Кен – жер астындағы байлық. Жер үстіндегі байлықтан тұз, көң-тезек сияқтылар да кенге қосылады. Жерінің асты түгіл, үсті де дұрыс зерттелген жоқ. Бірақ жердің асты-үсті көбінесе қатар зерттеледі. Әйтсе де Қазақстан жерінің астынан гөрі үсті көбірек зерттеледі.

Т а с к ө м і р. Қазақстан тас көмірге бай. Бұл күнде бізде 120 орын шамасында тас көмір барлығы байқалады. Бұлардың бірқатарының маңызы шамалы, өйткені онша жақсы емес және аз. Қазақстанның тас көмірі аудан-аудан болып әр жерде жатады.

Алайда 12 жерде тас көмір бар деседі. «Бес ашшыда» 30 миллион бұттай көмір бар. Бірақ қазылмай тұр.

Ақтөбе губерниясы Шалқар уезінде Бер-сүгір көмірі 6 миллиард бұттан астам. Мұнан аз-аздап қазылып алынып жатыр.

Торғай уезінде Байқоңыр, Жыланшық, Жарқұс көмірлері бір миллиард бұтқа жуық.

Ақмола губерниясында 19 жерде көмір барлығы білінген. Ақмолаға қараған Қарағанды ауданы таскөмірінің қоры 300 миллиард бұттай.

Семей губерниясында 43 жерде көмір бар деп есептейді. Бұлардың ішіндегі ең үлкені Кереку уезіндегі Екібастұз ауданы. Мұның қоры 37 миллиард бұттай. Бұрын қазылған, бұл күнде де қазылады. Тарбағатай тауының терістік бетіндегі кендірлік көмірінің қоры 30 миллиард бұттай деп есептейді. Әлденеше жерден қазып алынады.

Жетісуда 13, Сырдарияда 30 жерде таскөмір барлығы білінеді. Бірақ бұлар дұрыс зерттелмеген; араларында бірлі-жарым қазылғандары да бар.

М ұ н а й. Мұнай Қазақстанның Каспийге қараған терістігінде. Бұл күнде 55 жерде мұнай табылған; бірақ бәрі бірдей қазылмайды. Ішінде атақтысы – Доссор. Биыл бұдан от арба жүргізілді. Мұнай 1912-жылдан бері қазылып келеді.

М ы с. Мыссыз Қазақстанның ауданы жоқ деуге болады. Әсіресе, мысты жерлер Атбасар мен Қараөткел уездері. Мысты жер Жезқазған, Қараөткелде білінді.

Жезқазған, Қарсақпай зауытынан шығысқа қарай 60 шақырым жерде. Қоры 25 миллион бұт саналады. Мысын Қарсақпай зауыты қорытады, көмірді Байқоңырдан алады.

Нілді ошағы Спасск зауытына 100 шақырым жерде. Мысын Спасск зауытында қорытады. Көмірді Қарағандыдан алады.

Мысқа ең бай губерния – Семей. Мұнда 80 жерде мыс барлығы білінген.



Қ о р ғ а с ы н. Қазақстанда күміс, қорғасын кені көп. Қазақстанда 200-дей жерден күміс, қорғасын кені ашылса, соның 150-дейі Қарқаралы уезінде. Қарқаралы уезінде күміс-қорғасынға ең бай орын Қызылеспе өзенінің бойында Соқырайғыр деген жер. Мұнан бұрын 1889–1901 жылдардың арасында бір миллион бұт кен қазып алынған. Бір бұт кеннен 9-12 мысқал күміс 20-28 қадақ қорғасын түседі. Күміс, қорғасын қазып алу жағынан Қазақстан бара-бара Ресейде бірінші орын алуға реті бар.

А л т ы н. Қазақстан жері алтынға бай болғанмен, әлі жөнді қазылып алынған жоқ. Қазақстанда алтын қазылып алына бастағанына 100 жылдан асты. Қазақстан алтыны үйір-үйір болып әр жерде жатады.

Ауданға бөлгенде алтын мынадай жерлерде бар: Қостанай аймағында, Шалқар уезінде, Көкшетау, Алтай, Талас тауларында. Бұлардың ішінен әзірге қазылып жатқаны Қостанай уезіндегі және Алтай-Ақжал ауданындағы алтын.

Т ұ з. Бізде тұз көп, тұзымыз екі түрлі: 1) күзге қарай көлдің түбіне шөгіп байланатын тұз; 2) тас тұз. Тұз Қазақстанның қай жерінде болса да бар.

Тұзтөбеде тас тұз бар. Қоры 50 миллиардтай деп шамалайды. Тұзтөбе тұзы бүтін Еуропадағы ең жақсы тұздың бірі саналды. Мұнан басқа Орал губерниясында, Бөкелікте, Қарқаралықта тас, тұз бар. Бұларды тек тұрғын ел ғана пайдаланады.

Шөкпе тұздың өте-мөте мол жері Кереку мен Горип уездері. Тұз асқа салғаннан басқа да кейбір науқастарға ем. Шілде де тұзға түсуге Ресейден көп аурулар келеді. Бірақ ауру түсуге де, қазып алуға да Қазақстан тұздары ретке салынбаған.

Қоспалы металл – көбінесе Қарқаралы мен Алтай тауларында көп. Қоспалы металмен аты шыққан Ридер зауыты Өскемен қаласынан 80 шақырым жерде.

Т е м і р. Темір кенінің мол жерлері: Қарқаралы, Қостанай, Талдықорған уездері. Бірақ темір кендері жөнді зерттеліп қазып алынған жоқ. Қарқаралы уезіндегі Ақшоқының қоры 300 миллион бұттай шама қылынды.

А р а с а н. Адам емделетін дәрі су арасанға бай жер Жетісу мен Сырдария, одан Қарқаралы мен Өскемен.

Басқа кендер. Жоғарғылардан басқа Қазақстанда түрлі кендер бар. Бірақ бұлар кені зерттелген қазір кәдеге асып жатқан жоқ. Глаубер тұзы, көң-тезек, графит, күкірт, ашудас, қына, бор, ізбес сияқтылар бар. Кен байлығына қарағанда, күкірт түбінде Қазақстан даласын, тауын отарба кескілеп, фабрика-зауыт бұрқырап, өнерлі кәсіп өркендеуіне мүмкіндік бар. Кен кәсібі өршуіне бұл күнде отарба жоқтығы, құрал кемістігі мықты бөгет болып отыр.

Қошке Кемеңгерұлы. Жауропалықтар үшін II жылдық оқу құралы. Учебник казахского языка для европейцев. Часть II-ая. Қазақстан баспасы. Казиздат 1929. // Қ.Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Алаш, 2006. Құрастырған О.Жұбаева.

Тәттігүл Рахимова

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
ағылшын тілі және оқу-әдістемелік кафедрасының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан екі мың жыл бұрын Қытай билеушілерінің біріне мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларды дұрыстаудан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда іс те жүрмейді және халық та не істерін білмейді», - деген екен.

Қазақстанның заманауи ономастикалық кеңістігі инновациялық қоғамдық, психологиялық, тарихи мінезімен сипатталады: Қазақстанда геосаяси және тілдік жағдай өзгерді, сондықтан да жалқы есім деп нені және қалай атау керектігі туралы көзқарас та өзгерді. Бұл жалқы есімнің жаңа концепциясының пайда болуына түрткі болды. Осыған байланысты Қазақстанның қазіргі ономастикалық кеңістігін кешенді суреттеудің қажеттілігі туды.

Қазақстанның ономастикасында жалқы есімдерді зерттеудің өзіндік дәстүрлері бар. Олар жалқы есімдердің лексико-семантикалық және құрылымдық түрлерін, этимологиясын зерттеу, құрылу себептерін анықтаудан тұрады. Ономастиканы пән-объектілік салада зерттеу приоритеттері (бағыттары): Қазақстан топонимдері (зерттеу жұмыстарының 60%), антропонимдер (8,9%), әдеби онимдер (8,9%), деонимдер (5,2%), антропонимдер мен топонимдер (4,5%), эргонимдер (4,5%), зоонимдер (2,2%), космонимдер (2,2%), идеонимдер (2,2%), мифонимдер (2,2%). Зерттеушілердің негізгі назары қазақстандық ғалымдардың қазақ лингвомәдени қоғамдастығында қолданылатын онимдік лексикаға аударылған.

Қазақстанның заманауи ономастикалық кеңістігі – күрделі де салмақты, көптілдік, перифериялық құрылым. Қазақстанның заманауи ономастикалық кеңістігі – белсенді дамып келе жатқан құрылым. Ономастикалық кеңістіктің динамикасы мен шекаларының кеңеюі жалқы есімдердің концепциясының өзгеруіне байланысты да жүргізілуде, яғни қазақ жаңа атау формуласының пайда болуы, прагматонимдер мен идеонимдердің корпусының белсенді өсуі.

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі, адами ізгіліктері мен рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, сөйлеу әдеби қағидалары, аялық білімі, жалпы этнологиялық кеңістігі туралы түсініктері ұлтымыздың қазынасы - оның тілінде, тілдік құрылымдарында көрініс тауып, сақталып жинақталған.

Тіл қызметінің ерекше бір саласы – ономастика. Ономастика атаулардың шығу,



қалыптасу жайын тексереді. Ол зерттеу нысанына қарай топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, теонимика, фитонимика секілді түрлерге бөлінеді. Топонимика географиялық атауларды зерттесе, антропонимика кісінің аты-жөнін, тегін, лақап, бүркеншік есімдерін қарастырады. Ономастиканы зерттейтін ғылым ономосиология деп аталады. Ономастика грек сөзі «ономия» (грек тілінде «*онома*» есім, ат) *onomastika* – ат қою өнері, яғни атауларды зерттейтін ғылыми сала. Ономастиканы (кісі аттарын, жер-су, ру-тайпа аттары т.б.) зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В.Радлов, В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.К.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Е.Жанпейісов, Қ.Рысбергенова, Г.Мадиева т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті. Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: топонимика (жер, су, қала атауларын зерттейтін ғылым), антропонимика (адам аттарын зерттейтін ғылым), этнонимика (ру, ел, халық аттарын зерттейтін ғылым), зоонимика (хайуандар аттары), гидронимия (теңіз, өзен, су, көл атауларын зерттейді) т.б.

Этностың ұлттық таным әлемін өз бойына сіңірген қазақ тіліндегі жалқы есімдерді жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес зерттеу қазақ ономастикасының алдына мақсат етіп қояды, бұл ономастикада бұрын соңды болмаған метатілдік теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әлемді тіл арқылы танудағы жалқы есімдердің орны мен маңызын ескерсек, ономастикалық тілдік бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ ономастикасының алғашқы даму кезеңінде қазақ тіліндегі жалқы есімдер тілдік тұрғыдан зерттеліп, қазақ онимдерінің этимологиясы, лексика-семантикалық топтары, мағынасы, топонимикалық жүйелердің регионалдық ерекшеліктері айқындалды. Қазақ ономастикасы тарихындағы екінші кезеңде жалқы есімдердің этнолингвистикалық, лингвомәдени сипаттары, көркем мәтіндердегі қызметі, кумулятивтік қызметтері зерделене бастады. Бүгінгі таңда қарқындап дамып келе жатқан когнитивтік лингвистика тұрғысынан қазақ онимиясын бағамдай келсек, жалқы есімдердің тек тілдік сипаттарын қарастыру жеткіліксіз болып көрінеді. Жалқы есімдердің бойындағы рухани және материалдық мәдениетті ұлттың танымдық тәжірибесімен сабақтастыра отырып, ментальді-когнитивтік түрде таңбаланғанын қарастырумен ерекшеленеді.

Ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті жеке ономастикалық бірліктер арқылы айшықтап суреттейтін дүниенің тілдік бейнесін кең когнитивтік арнада, тұтастықта зерттеудің мәні зор. Қазақ тіліндегі ономастикалық жүйе тілдік құрылым ретінде өзіне тән концептуалдық жүйеге де сәйкес келеді. Осындай сәйкестікке орай қоршаған болмысты ментальді түрде сипаттайтын

ономастикалық концептілер «тіл-сана-ұлт» ауқымында жинақталған таным тәжірибесін мейлінше нақтылайды.

Антропонимика (кісі аттары) – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайын сіңлілерін - шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдерді тарихи-этномәдени, әлеуметтік тұрғыдан анықтап зерттеу олардың тамырының көне түркі (қыпшақ) кезеңімен сабақтасып қана қоймай, түркі тілдерінің басқа халықтарымен мәдени-тарихи байланысын, қарым-қатынасын да деректейді. Сондықтан белгілі ономаст-ғалым В.А.Никонов антропонимика саласының негізгі міндеттерін кезінде былай деп анықтаған: «Антропонимика бағалы ақпарат көзі ретінде қызмет етеді, ол бұрынғы этникалық құрам мен халықтың өткендегі көші-қонын анықтауға көмектесе отыра, нақты кезеңді ажыратуға, жазба ескерткіштердің орнын белгілеуге өз септігін тигізеді. Антропонимика тілде ерекше бір жүйені құрайды, оны түсіну үшін тек лингвистика әдістері дәрменсіз, сондықтан оны этнографиямен, тарихпен, әлеуметтану, құқық заңдылықтарымен бірлікте зерттеу керек» [1, 56].

В.Гумбольдттың концепцияларын басшылыққа ала отырып, оны одан әрі дамытқан американдық ғалым Э.Сепирдың мына пікірі: «Тіл - әлеуметтік шындықты түсіндірудің құралы. Адамдар белгілі мөлшерде, өз тілінің ықпалында болады. Тіл - мінез-құлық нормасына да әсер етеді, халықтың мәдени дәрежесін, оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес. Тіл - әлеуметтік шындықты түсіндірудің жетекші құралы» дегенге саяды [2, 29]. Бұл мәселе өткен ғасырдың II жартысында орыс ғалымдары Н.Буслаев, А.Н. Афанасьевтердің еңбектерінде алғашқы рет сөз болды. Олар тіл ерекшеліктерін пайдалана отырып, орыс халқындағы табиғи құбылыстарға байланысты пайда болған әртүрлі наным-сенімдерді зерттеу негізінде көптеген мифтеріне талдау жасады.

Атап айтқанда, антропонимдік зерттеулердің басы ертеден басталып, даму барысында әртүрлі сипатта қарастырылған. Мысалы, Қазанда 1905 жылы жарық көрген В.К.Магницкийдің «Чувашские языческие имена» кітабында, академик К.Мусаевтың көрсетуінше, 10587 ер адамның аты (фонетикалық варианттарымен қоса) берілген [3, 205].

Осыған байланысты тіл мен мәдениетті біріктіріп қарастыратын сала –



лингвомәдениеттану (лингвокультурология) деп аталады. В.Воробьев лингвомәдениеттануға мынандай ғылыми анықтама береді: «Лингвомәдениеттану – бұл кешенді ғылыми пән, мәдениет пен тілдің өзара байланысы мен өзара іс-қимылын зерттей отырып, оның қалай жұмыс істейтінің көрсететін үрдіс. Бұл үрдіс оларды тілдік және тілдік емес (мәдени) мазмұн ретінде бірлікте қарастыра отырып, жүйелік әдістер көмегімен заман талабына сай бағдарланған қазіргі басымдықтар мен мәдени белгілеулерді (нормалар жүйесі және жалпы адамзаттық құндылықтар) біріктіруші құрылым» [4, 37]. Ғалым В.А.Маслова бұл пәнді халық мәдениетін танытушы ғылым деп санап, былайша анықтайды: «Лингвомәдениеттану - лингвистика мен мәдениеттану тоғысында пайда болған және тілде көрініс тауып, тілге бекіген халықтың мәдениет көріністерін зерттейтін ғылым» [5, 8].

«Теория и методика ономастических исследований» атты ұжымдық монографияда мәдениет пен ономастикалық байланыс былай деп атап көрсетіледі: «Біз талдап өткен материал негізінде белгілі болғандай, ономастикада мәдениет өзінің жан-жақты көрінісі арқылы бейнеленеді, алайда ол әр түрлі жолмен беріліп отырады. Бір жағынан алып қарағанда, есімдер тілде ғана жасалады, осы тұрғыдан алғанда олар үшін ең бірінші және басты нәрсе – рухани мәдениет. Басқа бір жағынан қарастырғанда, жалқы есімдер сөз ретінде тек қана рухани емес, сондай-ақ материалдық мәдениеттің кез-келген фактілеріне мән береді» [6, 293].

Кез келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвомәдениеттану пәнінің үлесіне тимек. Ал лингвомәдениеттану латынның *Lingua* – тіл, *Cultura* – мәдениет, *Logos* – ілім деген терминдердің жинақталуынан туындап, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болған, халық мәдениетінің тілдегі әсерін зерттейтін сала.

Тіл ғылымында лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттанудың, соның ішінде антропонимдерге қатысты жағын ортақтастыратын жаңа ғылым. Сонымен, лингвомәдениеттану - ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этникалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, руханилық, тұрмыстық қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл білімінің бағыты. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, тіл фактілері мен халықтық танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу деректері мен дәйектері ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі әдебиетте, фольклорда т.б. Қазақ тіл білімде лингвомәдениеттану ғылымы пәніне қатысты деректер Ш.Уәлиханов, М.Әуезов еңбектерінен бастап, Ә.Марғұлан, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев,

Ж.Манкеева, А.Жылқыбаева, Қ.Рысбергенова т.б. ғалымдар еңбектерінде көрсетіледі.

Бүгінде лингвомәдениеттану ұлттық тілді танудың да негізі екені соңғы кездегі біраз зерттеулерде (Г.Смағұлова, А.Алдашева, А.Сейсенова, Г.Қажығалиева, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева т.б.) анықталып, лингвомәдениеттану ғылымының пәні ретінде қалыптасуынан, қазақ тіл білімінде жеке сала ретінде қарастырылуынан көрінеді.

Г.Смағұлова өз еңбегінде лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін былайша көрсетеді: Лингвомәдениеттану бұл «тіл-ұлт-мәдениет» дейтін үштік [7, 196].

А.Алдашева бұл пәннің зерттеу көздерін ғылыми тұрғыдан анықтап әрі лингвистика ғылымымен ортақтығын лингвомәдениеттанудың ауқымы өте кең, ол әрбір тілдік бірліктің белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен бірге жасасып келе жатқан ұлттық «бет-пішіні» бар деп есептелінген сөз ұлттық әлеуметтік, этникалық, адамгершілік, мәдени, тұрмыстық нормаларға сай деп тұжырымдайды [8, 15].

Лингвомәдениеттану пәні басқа халықтардың өмірінен де мәдени ақпарат береді, яғни бір ұлттың көршілес ұлтпен туыстығын немесе дәстүр ұқсастығын салыстыруды да мақсат етеді. Басқаны айтпағанда, мұның мәдениетаралық қарым-қатынас, оның тіларалық қарым-қатынастың көріністері ретіндегі антропонимдердің тілдік табиғатын тануға тікелей қатысы бар.

Сонымен қарым-қатынастық қызметімен ерекшеленетін антропонимдердің әлеуметтік мәнін ашу қазіргі тіл біліміндегі антропоэлектік бағытпен сабақтасады.

Ономастиканың теориясы мен практикасын осы бағытпен бір байланыста қарастырған ғалым Г.Мадиеваның еңбегінде осы сабақтастық былайша көрсетілген:

- тіл қызметін іске асыратын нақты тілдік социум мүшелерінің жалқы есімдерді қабылдауы;
- тілдік тұлғаның санасындағы жалқы есімнің қызметі;
- ұжымдық санадағы жалқы есімдердің қызметі;
- жалқы есімдердегі ұлттық танымда бекітілуінің әдісін сипаттау;
- жалқы есімдердің инварианттары мен варианттылығын анықтау;
- тілдік санада ұлттық когнитивтік қорды құрайтын өзекті жалқы есімдерді анықтау;
- жалқы есімдер жүйесінің ұлттық қорының негізгі элементтері мен стереотиптерін жіктеу;
- жалқы есімдер мен мифтік танымның байланысы, т.б. [9, 28-29].

Осымен байланысты «Қазақ ономастикасы. Жетістіктері мен болашағы» атты осы саладағы зерттеу нәтижелерін қорытып, болашағын бағдарлаған Т.Жанұзақов пен Қ.Рысбергенованың еңбегінде антропонимияның әлеуметтанымдық зерттеу нысанын былайша анықтаған:



«1) тіліміздегі антропонимдік жүйенің қалыптасып дамуы мен қызмет аясының жалпы мәселелерін теориялық әрі әдіснамалық тұрғыдан зерттеудің жалпы мәселелері;

2) антропонимдерді тұтас бір жүйе ретінде зерттеу;

3) кісі аттарын әлеуметтік-қоғамдық, тарихи категория ретінде қарастыру;

4) кісі аттарының пайда болу, жойылу заңдылықтарындағы тарихи-әлеуметтік жағдайлардың себеп-салдарын анықтау;

5) кісі аттарының сөйлеу тілі мен жазба тілдегі қызметін, көстілдегі орны мен мәдени қарым-қатынастағы мән-маңызын зерттеу;

6) кісі есімдерінің экспрессивті-эмоционалдық қызметін тексеру (көркем әдебиетте, баспасөзде, күнделікті тұрмыста қолданылу ерекшеліктері);

7) антропонимдер жүйесіндегі халықаралық, ұлттық ерекшеліктерді, олардың өзара байланыс-бірлігін зерттеу;

8) қазақ антропонимдерін байытудағы басқа ұлт антропонимдерінің әлеуметтік мәні;

9) көпұлтты Қазақстан Республикасында қазақ антропонимдерінің қолданылуы мен қызмет аясының әлеуметтік сипаты;

10) антропонимдерді тілдік және тарихи тұрғыдан топтастыру» [10, 43-44].

Демек, қазақ халқында ат қою ұлттық тарихпен, рухани мәдени өмірмен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ал, ұлттық тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр деген ұғымдар мәдениетпен байланысты. Мәдениет дегеніміз адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі.

Әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, яғни ұлттық, этникалық реңк өзгешіліктері болатындығы белгілі. Ұлттық есімдер ұлттық мәдениет ерекшеліктерін білдіреді, мұндағы бір есімдерде ұлттық-тарихи болмысы айқын көрінсе, ал басқаларында оның қарқыны нашар болады, алайда оны жасаған немесе қолданушы халықтың мәдениетімен байланысы жоқ есімі табыла қоймайды. Ұлттық есімдерде мейлі антропоним, топоним, зоонимдер болсын олардың бойында алуан түрлі тарихи-мәдени ақпарат қалыптасқан. Ю.К.Юркенас: «... антропонимдер өзіндік бір мәдени мәтін ретінде қабылдану тиіс», - деп тұжырымдайды.

Ономастикалық зерттеулер Елбасымыз ұсынған «ұлттық идеяны» қалыптастырудағы құнды фактор болып табылады. Ономастикалық ізденістерді осы тұрғыда жүргізу, когнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдени зерттеулер – осы күннің талабы.

Сөз соңында айтарымыз, белгілі бір адамның жеке басына, елді-мекенге телінгенмен, онимдердің мағынасы өте кең, онда қазақ халқының бүкіл арман-тілегі, қуанышы мен қайғысы, өмір тарихы т.б. ұлт үшін аса маңызды

құндылықтары жатыр. Қоғамдық қатынастарда дыбыстық тұлғасы бірінші орында тұратын болғандықтан, қазіргі жаһанданудың алапат толқынына жұтылудан сақтап қалудың бірден-бір жолы – дұрыс жазу. Есімдер тек туған тілдің дыбыстық заңдарымен сусындап, сол топырақта ғана өркендей алады. Сондықтан, замандар бойы тілімізде қалыптасып, бүгінге жеткен қасиетті құндылығымыз қазақ халқының мәдени мұрасы ретінде қорғалып, қазақша жазылу ережесі белгіленуге тиіс. Оның сыртына шығып, бөтен қосымша жалғауға немесе бөтен дыбыспен былғауға ешкімге құқық берілмеуі керек. [11, 77-89].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Никонов В.А. Имя и общество. – Москва, 1974. – 56 с.
2. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва, 1999. -29с.
3. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – Москва, 1984. – 205 с.
4. Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – Москва, 1997. – 37 с.
5. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – Москва, 1997. – 8 с.
6. Суперанская А.В. Теория и методика ономастических исследований. – Москва, 1986. – 293 с.
7. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 196 б.
8. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 15 б.
9. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы, 2003. – 28-29 с.
10. Жанұзақов Т., Рысбергенова Қ. Қазақ ономастикасы. Жетістіктері мен болашағы. – Алматы, 2004. – 43-44 б.
11. Досжанов Б. Тілдің дыбыстық заңдарына сай антропонимдер тұлғасының қалыптасуы. – Тіл және қоғам /№1 (33) 2013. – 77-89 б.

Темірғали Аршабеков

*Қарағанды облыстық бейнелеу өнері
мұражайы директорының орынбасары*

ЖАҢААРҚА АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі кезеңде қоғамдық пікірде тарихи ес мәселесіне айрықша мән беріліп, жіті назар аударылуда. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен төл бесігі – Жер Ананың географиялық елдімекен атауларына дейін қоғамдық пікірде қайта екшеленіп, сын көзбен қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде. Осы тұрғыдан қозғау салып, пікір таратар толғағы жеткен мәселенің бірі – халқымыздың кіндік тамған жері, атамекені жер атаулары жайында болмақ. Себебі географиялық жер атаулары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жалғаса тұрақтанған топонимдердің "жер тарихы – ел тарихы" деп, танылған тарихи есінің бір көрінісіне жатады [1,30].

Атамекен жеріміздегі топонимикалық атаулардың қайнар көзі ғасырлар бойы фольклор мен эпостық, тарихи жыр-дастандар арқылы тарих көшінде жиі алмасқан ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып, қорланатын тарихи естің жиынтығы іспеттес. Халықтық топонимика деп, негізінен, қай жер, қай халықты алып қарасақ та онда қолданылатын географиялық жер атауларын сол жерді мәңгілікке жайлап келген автохтонды халықтың авторлығымен қойылып қалыптасып келген елді мекен, жер атауларын ұғынамыз. Бұлар ғасырлар өткен сайын мүлде тұрақтанып, халықтың тарихи есім қорландырап елеулі рухани байлығына айналып отырады.

Отаршылдық топонимдер – халықтың елдімекен, жер атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық-зомбылықтың көрінісі. Ұлан-байтақ қазақ жеріндегі елдімекен, жер атауларының қалыптасқан түрлі қабаттарында елді мекен, жер атауларының пайда болуы, қалыптасу және өзгерістерге ұшырау себептері тарихи шындығының бар болмысын ономастика ғылымы өз дәрежесінде ашып бере алмай келеді. Өйткені, топонимика саясатпен тікелей байланыста жататын өзіндік ерекшелігі бар құбылыс болуы себепті ондағы әрбір өзгерістің түп төркіні саяси-әлеуметтік жағдайлармен бірлікте алынып қаралу керек.

Халық ғасырлар бойы көшіп-қонып, жаз жайлап, қыс қыстап келген атамекен атауларын көбінесе жер рельефі мен пейзаждық болмысына сай ерекшеліктеріне орай өте дәл, сындарлы көркем ұғымдармен бедерлеуге ерекше мән бере қараған шығармашылық әрекеті танытады.

Ал, кейбір халықтарда гидроним, ороним, ойконим, этноним саласында атауларды қою тәжірибесінде жеке кісі атына сәйкес қою жағы басым жататын ерекшелікті де аңғартады. Жеке тұлға (антропоним) демекші, бір халықтың

құрамындағы адам есімдері мен фамилиясына қарап отырып, олардың мағынасы мән беретін мәніне қарай жіктеп-жүйеленгенде, ол антропонимдік атаулардың сан қырлы қатпарында сол халықтың басынан өткен әр түрлі тарихи және саяси – әлеуметтік өзгерістердің себептерін танып білуге септігін тигізетін тарихи іздер табы ұшырасады. Бұл іспеттес құбылыстың өзіміздің туған жер, атамекен аттарына қойылған топонимикалық атаулар мен антропонимдер табиғатына ой жіберіп, себептерін білуге ұмтылған әрбір саналы ойлы жас – оның көне қабаттарында қатпарланып сыр бүгіп жатқан астарлы ұғымдардың құпиясын ашып, жабулы сырын ұғынып, себеп-салдарын білуге көз жеткізе алады [2].

Жаңаарқа өңірі Сарыарқаның орталық және оңтүстігінде орналасқан. Бұл өңір ежелден қазақ даласын мекендеп келе жатқан ата-бабаларымыздың тұрақты атамекені.

Жаңаарқа жері туралы ресми мәліметтер қытай империясы және орыс патшалығының жазба деректері бойынша ХҮІІІ ғасырдан белгілі. Мысалы, Жаңаарқа жеріндегі Қарағаш орманы жөнінде 1762 жылы орыс ғалымы П.И.Рычковтың «Топография Оренбургская» атты еңбегінде айтылады [3]. 1771 жылы академик И.Фальктың тапсыруымен қазақ жеріне саяхат жасаған Христорфор Барданес «Киргизская или казахская хорография» атты еңбегінде «... имеется не в дальнем расстоянии от устья упоминаемой в «Топографии Оренбургской» лес Карагач» деп Қарағаш орманы туралы дерек қалдырды. Тірліктің бойлықты бойлай солтүстік-оңтүстік бағытында көшуге негізделген замандарында бұл өңірдің орталық бөлігі негізінен көктеу мен жайлауға, оңтүстігі күзеу мен қыстауға пайдаланылып келді. Өзен бойлай қаздай тізілген ретпен көшіп, көл жағалай қоңсы қонып, алдыңғы келіп орныққаны, кейінгісіне ерулігін әзірлеп отыратын дәстүрге негізделген тәртіп кең байтақ даланы үйлесімді түрде пайдаланатын өркениетті қалыптастырды.

Ал 1803 жылы қазақ даласы арқылы Бұхараға саяхат жасаған поручик Я.П.Гавердовский Ақтау тауларын аралап, былай деп тамсана жазды:

«Гора Актау лежит почти в самой середине главного направления Буглытагайских хребтов и есть из числа превосходнейших гор степи Киргизской. Снег в ущельях ее лежит почти чрез все лето. Лес растет в изобилии, вытекающие к западу ключи составляют источники рек Сарысу и Нуры, а на восток – ниспадающие родники. Она имеет около 50 верст в окружности; многие знаменитые ветви гор Буглытагайских берут свое начало от ее гордой вершины». [4]

Топонимика саласындағы атаулардың ішінде саяси тарихтың ықпалына көбірек түсіп, өзгеріске жиі ұшырап жататын түрі – елдімекендер атауы. Елді кім билесе – сол, өз билігін заңдастырудың, яғни, мойындатудың бір құралы ретінде, өзінің жүргізіп отырған саясатына ыңғайлап, елдімекендердің атауын өзгертуге тырысады. Жаңа билеушінің мұндай әрекеті ел ішіндегі бұрынғы биліктің ықпалын жоюға бағытталады.

Қарастырылып отырған ауданның елді мекендері атауының үстірт өзгеріске ұшырап, көне заманнан қалыптасып қалған тарихи атаулардың жойылып кетуі



XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Патшалық Ресейдің Қазақстанды өз құрамына енгізіп, отарлап алу барысында жаппай орын алды. Нақтылай айтқанда, елдімекендер атауын жаппай өзгерту – қазақтан жерді тартып алып, оған келімсектерді қоныстандыру саясатын заңдастырудың ең төте және сенімді құралына айналды.

Жаңаарқа өңірінің негізгі тұрғындары Арғын ішіндегі Алтай руының XVIII ғ. басындағы Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұламадан кейін Сарыарқаны қалай қоныстанғаны жайлы дерек Ф.А.Щербина экспедициясының материалдарында баяндалады.

XIX ғасырда Жаңаарқа өңірін мекендейтін қазақ руларының жерлері 1832 жылы құрылған Ақмола сыртқы округінің құрамында болды [5]. Осы өңірді мекендеген қазақ руларының құрамы, көші-қоны туралы мәлімет 1839-41 жылдардағы мұрағат құжаттарында сақталған. Бұл құжаттардың бірінде Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ рулары болыстары билеушілерінің тізімі берілген. Тізім 1839 жылдың сәуірінің 22-сінде жасалған.

Бұл құжаттан алатын құнды мәлімет – Жаңаарқа өңірін қоныстанған рулар жөніндегі деректер. Олар: *тінәлі-қарпық* (болыс билеушісі – сұлтан майор Арыслан Құдаймендин), *қырғыз-төртуыл* (сұлтан Байғара Дайыров), *тоқа-қарпық* (сұлтан Бек Құдаймендин), *айтқожа-қарпық* (би Сапақ Тәңірбергенов), *мойын-алтай* (би Тәті Жұманов), *байдалы-алтай* (Би Сайдалы Жаңбыршин), *алысай-алтай* (қуандық биі Баяғыззов), *қареке-алтай* (би Тайман Бекташев), *тама* (би Қылыш Итемгенов), *қойлыбай-шағрай* (би Ірімшік Есқарин), *сайдалы-алтай* (старшина Бектас Айыров?), *төбет-темеш* (би Бұқы Тонеев), *енем-тұңғатар* (Құлыбек Ескенин), *алшын-жағалбайлы* (би Ертай Алтыбаев), *алысай-алтай* (би Бәеш Есенгелдин) [6].

Бұл тізімнен көріп отырғанымыздай Жаңаарқа өңірі аумағын негізінен Арғынның үлкені - Қуандық балалары (Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш) мекендеген.

Сонымен қатар, азшылықты құрайтын Ақмола сыртқы округінде осы кезде болған, деректе көрсетілген барлық болыстағы руларды (*найман, қыпшақ, бәсентиін, тама, алшын, жағалбайлы*) атап отырған себебіміз – олар, барлығы бірдей, Жаңаарқа өңірі аумағын мекендемегенмен, жазғы жайлауға шыққанда бастары түйісіп отырған. Ал бұл жайлаулар, кейін, келімсектердің келіп қоныстана бастауына байланысты даулы аумақтарға айналған. Келесі бір мұрағаттық құжатта Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ болыстарының тізімі, әр болыстағы ауыл мен үй саны және рулардың жазғы жайлау, қысқы қыстаулары туралы мәліметтермен бірге көрсетілген. Құжат 1841 жылдың 2 қазанында басталып, 29 қарашада аяқталған [7, 20кп.-23п.]

1832 жылы 22 тамызда Ақмола округі ашылды, ал 1838 жылы Омбы облысы таратылып, Сібір қазақтарын билеудің жаңа жүйесі–Шекаралық басқарма ұйымдастырылды. Осы жылдан бастап, ауылдардан салықтың «жасақ» деген

түрі жиналды. Оның мөлшері: 200 жылқыдан, 150 сиырдан, 150 қойдан бір-бір бастан болды. Аттың құны ол кездерде - 35, өгіз – 20, қой – 2 теңгеге бағаланатын.

Айтқожа-қарпық болысын 1832 жылдан бастап, Сапақ Тәңірбергенов биледі, бірақ ол 1838 жылы Кенесарыға қосылып, ауылдарымен көшіп кетті. Осы жылы Кенесары көтерілісіне белсене қатысып, үдере көшкен тоқа-қарпық болысы да ыдырап кетті. Жеке болыс болудан қалып, айтқожа-қарпық болысының құрамына енді[8]. Тоқа-қарпық болысының ауылдарымен қосылып, іріленген айтқожа-қарпық болысын 1839 жылдан бастап би Бабас Тайғарин басқарды. 1841 жылғы деректер бойынша, 10 ауыл, 620 шаңырақтан тұратын бұл болыстықтың жаз жайлауы Қарағашта, Есіл, Өлеңті, Шортанды өзендері, Сарыоба, Шыбынды көлдері, Көкпекті, Нұра, Құланөтпес өзендері, Шідерті, Мойылды, Өлеңті, Құндызды өзендерінің бойларында, Жаманшұбар, Бабатай, Қоңырадыр, Қызылжар, Қарғалы, Жамантөбе, Саумалкөлде болса, қыстауы Нұра өзенімен Көбетейден Балықты-Баятарға дейін және Шошқалы, Амантау мекендерінде болды. Жайлауы мен қыстауларының аралығы 350-400 шақырым жерді алып жатты. Бабастың өзі приказдан 240 шақырым қашықтықта, жаз айларында Нұра, Соқыр, Құндызды, Есіл өзендерінің бойымен көшіп жүрді. Қыстауы Қозыкөш, Бозайғыр, Шұбарда, Құматалы өзенінің аңғарында болды.

XIX ғасырдың 40-50-ші жылдары Қарағаштағы Аймысық-Көккөз жерлері сұлтан Бек Құдаймендиннің қыстауы болды. Жаз айларында Қарағашқа Кіші жүз елінің болыстары Ханкелді Бөріұлы мен Қылыш Итемгенұлының ауылдары жайлауға көшіп келіп жүрді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, Ортаудың терістігінен басқа жерлерін «Енен тоқасы» руының қазақтары иемденді. Бұл оқиға болыс басқарушысы Ескене ұлы Құлыбектің тұсында орын алған. Ор, Аба тауларын Ескене, Досқана аталары, осы таулар мен Керегетастың аралығын Үшқоңыр, Балапан, Айту аталары, Кенеліден Көктіңкөліне қарай Күшікбай аталары мекендеген. Жыланды тауы мен Алтай Сарыобасынан Айса және Ақадырға қарай Жантүгелдер, Өспен тұсын Естемес руы, қазіргі 17,18,32 разъездер маңайын Жетімектер қоныстанған. 43,56 разъездер, Әлихан және Батық, Нарбақы аралығын Айту, Бәрдәлі аталары, Ақойға қарай Жантүгелдер, Ақойдан төмен Кенжеқара руымен жапсарлас Қарнақтар, Шотан төңірегін Бәйтерек атасы қоныстанған. Күйліадыр, Өкірген, Молқы бұйратынан Шотанға қарай Молқы руы жайлаған. Қарашоқыны – Тәсібек, Құлантөбені – Сеңгір, Жақсы Кенеліні – Сәмек, Көктіңкөлінің сағаларын: үшінші Ащыкөлді - Әйдінбек, екінші Ащыкөлді – руы Жетімек Найман, Жаман Кенеліні – Мұстафа иемденген. Аталған адамдардың бәрі де Бесім Тоқасының беделді елағалары болған. Алғашқы төртеуі - Күшікбай ұрпағы. Осы жағдайға дейін олар ағайын – туысқандармен бірге Қарамұрын, Нұра, Қырауқамысты паналап, Ақмолаға дейін көшкен. Жетімектер бұған дейін Тұздықөлге, Майқайыңға, Қалқаманға барып қыстап қайтып жүрген. Баянауылда Жетімек атты тау бар.

Ортаудың терістігін, Ақтау тауларын және Ақтаудан Манақа өзеніне дейінгі



кеңістікті қалың Алтай Сайдалы руы жайлап отырды. Желтауды, Тасқоралы мен Қабантауды, Көкжартасты, Атығай-Қатпартасты, қазіргі Жамбыл кенішіне дейінгі жерлерді негізінен Алсайдың Мұғал, Битті, Баян аталары мекендеді. Шажағай өзенінің бойын Нұрбай руы, Үлкен Бүркітті мен Бала Бүркіттінің маңын, оңтүстігінде Қоңырқұлжа, Сарықұлжа, шығысында Бөрілі, Шегір, Бәйбіше тауларының аралығын, Сарыбалақ көлінің маңайын тарақтылар мен қоңыраттар қоныстады [9]. Тарақтылардың бір бөлігі Атасу өзенінің сыртындағы Аюлы, Матақты мекен етті. Керегетас пен Тайатқан-Шұнаққа дейінгі жерлерді және аталған таулардың маңын Шұбыртпалы мен Қыпшақ рулары жайлады. Құтжанның Қаратөбесі мен кіші Қаратөбені, Манабай жартасына дейінгі аралықты, Мыңбай сайының сыртын Аралбай руы мекендеді. Аралбайлықтар Қалыбек руымен аралас Ақтау бекінісінің шығысындағы Жәмші өзенін, Қазансынған, Құлбасты, Аюлы адыр-төбелерін, Өгізтау мен Қоңырқұлжа тауларының арасын, Тайатқан-Шұнақтан Бетпақдалаға дейін жайлады. Аралбайдың Айсадан тараған ұрпағы Айдахарлы, Бала Айдахарлы тауларының арасын, Атасу өзенінің бойын мекендеген. Кежектен, Таңсұлудан тараған ұрпағы және Қалыбек бұтағы Саңғыру, Алабас, Қалмаққырған, тауларын қоныстаған. Бекшелер Атасу өзенінің бойын, Айдахарлы, Бала Айдахарлы тауларының жазығын жайлаған.

Тұңғатарлар Қызылтасты, Шот өзенінің бойын, Сұлутеректіні мекендеді. Тұңғатар ауылдарының старшыны қызметін атқарған Айдар Бапаұлының 1835 жылғы архив деректері бойынша, қарамағында 70 шаңырақ, 210 еркек, 280 әйел, 1825 жылқысы, 137 сиыры, 3100 қойы, 215 түйесі болған.

Қырғыздар Үлкен және Кіші Ақмаяны, Даратты, Саңғыруды, Қарабұйратты, Зәйімке, Мыржық, Темір өзендерінің бойын басқа рулармен аралас қыстады. Темір өзені руы қырғыз Байтемірдің есімімен аталған. Қырғыздар жайлаған жерлердің «Зәйімке», «Сәрсенбай», «Шұртебай», «Жиенбет», «Шонай», «Әжі-Божы», «Қарабұйрат», «Көп ұста», «Кіші Ақмая», «Балабек», «Шәуеш», «Батылай» көндері деген атаулары бар.

Алтай руы алғаш рет орыс тіліндегі жазба деректерде 1748 жылдан бастап кездесе бастайды да, [10]XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы аралығындағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Арғын құрамындағы жеке, дербес рулардың бірі ретінде айтылады. [11]

Бұл деректен шығаратын қорытынды – қазақтың бір руының ғана көшінің жалпы қамтитын жерлерінің радиусын алмай-ақ, тек жазғы жайлауы мен қысқы қыстауының ара қашықтығын алып қараса-150 ден 300-400 шақырымға дейінгі жерді алып, негізгі қоныстары жоғарыда аталған аудан аумағында болмаса да көшу барысында осы аумаққа дендеп кіріп, өзендер мен көлдерді бойлай көшіп, төсекте басы, төскейде малы қосылып, аралас-құралас тіршілік етіп жатқанын көреміз. Мысалы: қазіргі Шет ауданы құрамындағы, бұрынғы Ағадыр аумағындағы Ақтау, Ортауда қыстайтын Енем-Тұңғатар болысының рулары

Шерубай-Нұра, Топар, Есен, Құндызды, Көкпекті, Есілді бойлап келіп, Ақмола қаласының батысына қарайғы Қозыкөш деген жерден бір-ақ шығады. Аудандарды айтпағанда бір ру бұрынғы үш облыстың – Жезқазған, Қарағанды, Ақмола жерін басып өтеді екен. Ең бастысы осы аумақта қаншама тарихи топонимдер, гидронимдер халық аузында сақталып келген. Көш-қоныстары осы белгілі этно-топонимдерге қатысты болған.

Келесі бір 1865 жылғы мұрағат құжатында Ақмола округінің құрамына кіретін болыстар, оларды құрайтын қазақ руларының жазғы көші мен қысқы қоныстары, ауыл, ондағы шаңырақ пен ер және әйелдердің саны тізілген [12,10-14 п.]. Мойын-Алтай болысы. Болыс билеушісі – Бакин. Рулары: Меңдібай, Аралбай, Қармыс, Қоңыршұнақ, Қасымбек-Сармантай, Тарақты, бұлардың ішіндегі белді ру-Меңдібай, себебі: басқалары осы рудың атымен аталған. Жазғы жайлаулары Үлкен Италы, Құндызды, Жұрт, Есен, Құдайменді қарасу, Сарысу, Манақа мекендерінде, Нұра өзені бойында, Ағашты көл, Сасық көл, саяқсор, Балықты және Сұлукөл, Иманак, Қоңыр мекендерінде. Қысқы көштері: Алабас, Қашқан-қырған, Берікқара, Орғау, Балық үйген, Ақсай, Айдарлы, Ақши, Қызылтау тауларында; Қойбағар, Құмбақ, Аюлы, Шатақ, Бәйбіше, Бүркіт, Соқыр, Соран, Наршөккен жоталары мен Қосағаш пен Секербай тоғайында. Көшу радиусы 350 шақырым кеңістікті қамтиды. Айтқожа-Қарпық болысы. Болыс билеушісі - Шоң Телғозы Рулары: Ер-назар, Самай, Айтқожа, Сатыбалды, Құлымбет, Жазғы жайлаулары: Есіл, Сарысу, Құдайменді, Қарасу, Құланөтпес, Жараспай, Қарасу, Есен, Құндызды, Көкбекті өзендері, Сасық көл, Қобы-шөл, Балықты, Боран-қопа, Баятар, Сүттікөл, Жасық көл, Қырау-қамыс, Құмкөл Барғана-тоқа, Мәмбет; бұлардың ішіндегі белді ру – Айтқожа, себебі: басқалары осы рудың атымен аталған. Жазғы жайлаулары: Есіл, Сары су, Құдайменді, Қарасу, Құланөтпес, Жараспай, Қарасу, Есен, Құндызды, Көкбекті өзендері, Сасық көл, Қобы-шөл, Балықты, Боран-қопа, Баятар, Сүттікөл, Жасық көл, Қырау-қамыс, Құмкөл Қысқы көштері: Тынық, Сатыбалды, Аймысық, Көк көз, Қарағаш, Көнек, Толағай, Керегетас, Шойынды, Сағындық, Сарыадыр, Қуырдақ, Дербісалы, Кішкене қопа мекендерінде, Сасық көл, Нұра өзені, Айғыржал, Аман тау, Шошқа көл, Изенді-Байсал, Сартау, Бөгел, Құсмұрын, Бозкөл, Құм Айтпай, Апан, Теректі, Түгел, Байғонды, Дүйсен-шат, Керегетас, Шокпартас, Үшбетей, Сары өзен, Қабланши, Айыртау, Шұбар көл, Бүгелікті, Мыңшұңқыр, Жыланды, Қарақалпақ, Қуырдақ, Қараған, Балықты, Семіз қыз, Баятар, Үшқағын, Шұбараяқшы, Қаржу тас, Суат, Тұран қопа, Мыңқабыр, Тоқта Серкебай тоғай, Байгөл, Сары адыр, Көктал, Ит. Көшу радиусы - 400 шақырым кеңістікті қамтиды. Сайдалы-Алтай Болыс билеушісі Қаңтарбай Меңдекин. Рулары: Нияз, Қуандық, Айтқұл, Ад...бай, С...шанбай, Ка..., бұлардың ішіндегі белді ру – Нияз, себебі: басқалары осы рудың атымен аталған. Жазғы жайлаулары: Сарысу, Нұра, Есіл, Құндызды, Құланөтпес, Құдайменді, Карасу, Есен, Көкбекті өзендері бойы, Шалқоңыр, Сасық тал?, Манақа, Ақтас, Ескене, Құлынды, Жыланды, Бүйректал,



Қоңыр адыр, Ақтасты, Шортанды, Батпак, Тұзды қарасу, Айтын қарасу, Белағаш деген жерлер. Қысқы көштері: Қуманақа, Сартау, Тас құралы, Қазан шұңқыр мекендерінде, Жыланкөлде, жартысы ..., Қыдырәлі, Қойтас.

Бұл деректен де рулардың көшу радиусы 150 ден 400 шақырымға дейінгі кеңістікті алып жататынын көреміз. Осы аумақтағы демографиялық көрсеткіштерге келетін болсақ, мысалға: *мойын-алтай* болысындағы шаңырақ саны 1841 жылғы құжатта 7 ауылда 386 шаңырық деп берілсе, 1865-68 жылдардағы құжатта 7 ауылда 899 шаңырық деп берілген. Тура осындай екі есеге жуық ұлғайған санды *айтқожжа-қарнық* болысын алсақ та көреміз: 1841 жылы 7 ауылда 620 шаңырақ көрсетілген, ал 1865-68 жылдары 8 ауылда 1124 шаңырақ көрсетілген. Шаңырақ санының 24-27 жылдың ішінде *мойын-алтай* руында екі жарым еседей, *айтқожжа-қарнықта* екі есеге жуықтай күрт өсуі табиғи өсімнің көрсеткіші емес. Себебі: 1841 жыл – отаршыл Ресейге ұлт-азаттық соғыс жариялаған қазақ рулары Ұлытауда бас қосып, Кенесарыны хан көтерген жыл. Жоғарыда аталған рулардың едәуір бөлігі өз мекендерінен үдере көшіп, Кене ханның туының астына жиналғаны белгілі. Осындай оқиға, әсіресе, Қарқаралы округіндегі қаракесек руларының жаппай өз мекендерін тастап кеткенінен көрінеді. Осы жөнінде Ресей әкімшілігінің бір жазбасында сұлтандарға жалақы төлеудің қажеті жоқ, себебі олардың қарамағындағы болыстардың қазақтары үдере көшіп кеткен деген мәліметтен көрінеді. Сондықтан, 1841 жылғы емес, 1865-68 жылдардағы санды неғұрлым шындыққа жақын көрсеткіш деп алу керек. Сонда *мойын-алтай* болысының рулары көшіп жүрген радиусы 350 шақырым аумақты қамтитын кеңістікте 7 ауыл, 899 шаңырақ, 4379 адам еркін өмір сүріп отыр екен. Сонда 1 шақырым кеңістікке 12,5 адамнан келеді. *Айтқожжа-қарнық* болысында 400 шақырым кеңістікте 8 ауыл, 1124 шаңырақ, 4464 адам еркін өмір сүріп отыр екен. Бұнда 1 шақырым кеңістікке 11,16 адамнан келеді екен.

Бұл құжаттан алатын ең құнды мәліметті елді мекендердегі патшалық әкімшілік құрылымның төменгі буыны - болыстар атауындағы өзгерістерден көруге болады. 1865-68 жылдарға дейінгі болыстар ел атымен – рулар атымен аталып келсе, 1875-78 жылғы құжатта елдердің атауы жер-су атауларымен алмастырылған. Мысалы: бұрын *Айтқожжа-Қарнық*, *Сайдалы-Алтай*, *Тінәлі-Қарнық*, *Қареке-Алтай* деп аталса, енді *Жаңаарқа*, *Қараағаш*, *Ақмола*, *Спасск* деп ауыстырылған [13].

Келесі бір аңғаратын мәселе – көштің тарылуы. Мысалы: 1860-шы жылдарға дейін қазақ рулары оңтүстіктен солтүстікке, оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа және керісінше бірнеше болыстың аумағын кесіп өтіп, даланы ен бойлап жайлап жүрсе, енді өз болысының шеңберінен шығуға тиым салынғандықтан, қыстауынан алыс шыға алмайтын болған.

Қазақ даласына қоныстанушылардың келе бастауы бірнеше сатыдан тұрады. Алғашында қоныстанушылар өз еріктерімен келе бастаған. Мемлекет тарапынан бұл мәселені қолға алу XVIII ғ. басындағы Ресей шекарасын қорғау мақсатында

бекіністер мен әскери-қазақтық шептер сала бастаудан, ХІХ ғ. 30-шы жылдары Мемлекеттік Мүлік Министірлігінің басшысы гр. Киселев қолға алған, аз көлемдегі мемлекеттік крестьяндарды қоныс аудару арқылы іске асқан болатын. Өлкені отарлауға орыстарды жер аудару да қызмет етті.

Бірақ, ХІХ ғасырдың ортасындағы реформадан кейін де стихиялы қоныс аудару, мемлекеттік қоныс аударудың алдында жүрді. Қоныс аудару ісін жоспарлы түрде іске асыруға мемлекет тек 1885 жылы ғана, алғашында әкімшілік тұрғысынан, ал 1889 жылдан бастап заң жағынан да араласа бастайды. 1890-шы жылдың басынан бастап Сібірді (Қазақстанды) қоныстандыру ең алғаш рет мемлекеттік мәнге ие болды. Қоныстандыруды жалпы басқару Патша мұрагерінің председателдігімен құрылған Сібір темір жолы Ерекше Комитетіне жүктелді.

Шаруаларды басыбайлы құлдықтан босатқан 1861 жылдан 1885 жылға дейін Оралдың бер жағына (Қазақ даласына қарай) 300 мың қоныс аударушылар келген. Келесі 20 жылда – 1885-1905 жылдары - 1 млн 520 мың 750 қоныс аударушылар келген. Ал соңғы 5 жылдың ішінде – 1906 – 1910 жылдары - қоныс аударушылар саны 2 млн. 516 мың 075 адамға жеткен.

Жаңаарқа өңірінің ХІХ-XX ғасырдың басындағы елдімекен, жер-су атауларының тарихи-этнографиялық, географиялық, экономикалық тұрғыдан жаппай зерттелуі отарлаушы үкіметтің жерге мұқтаждығынан туындағаны алдыңғы беттерде баяндалды. Осы, Ф.А.Щербина басшылығымен жүргізілген зерттеулер алдына қоныс аударушыларға қазақ жерінен жер бөліктерін кесіп алып берудің нормасын анықтау міндеті қойылды[14]. Осы зерттеу барысында Жаңаарқа өңірін жайлаған қазақ руларының құрамы, отарлық әкімшілік құрылымдағы орны тарихи құжаттық деректермен қарастырылды.

XX ғасыр басындағы келімсектердің жүздеп-мыңдап қоныстануынан бұрынғы қазақ руларының жері тарылды, халықтық жер-су атаулары отаршыл тонимдермен ауыстырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоғжанов Е. Л, Аршабеков Т.Т Атамекен: оқу –құралы. Қарағанды – 2002 ж..
2. Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А. Сарыарқа қазақтары. Қарағанды: Болашақ баспасы, 2008. – 240 б
3. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в Киргиз-Кайсацкие степи 1771 г. СПб: Тип. Имп. АН., 1772. – 104 с
4. Гавердовский Я.П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2-я), или Описание страны и народа киргиз-кайсацкого. История Казахстана в русских источниках ХҮІ-XX веков. V том
5. Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А.Төлеуов Т.С Сарыарқаның этникалық картасы.. – Қарағанды 2011. «Гласир» баспасы. 318 б
6. Аршабеков Т., Қожахмет М., Ісләмұлы І. Жер жанаты - Жаңаарқа. Қарағанды: Гласир баспасы. 2010. – 350 б.



7. Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Исламов І.І. Жаңаарқа ауданының топонимикасы. Қарағанды: Гласир баспасы, 2011. – 270 б.
8. Аршабеков Т.Т, Исламов. Ақтау бекінісі. Қарағанды. Гласир баспасы. – 2007.
9. ҚР ОММ. Қ-369. Т-1. І-847.
10. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. б.407
11. Левшин А.И. Описание киргиз..., б.290; Андреев И.Г. Описание Средней Орды..., б.28
12. ҚР ОММ. Қ-369. Т-1. І-351.
13. ҚР ОММ. Қ-393. Т-1. І-124.
14. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Т.3. Акмолинский уезд. – Ч.1. СПб-1907

Роза Төлемысова

*ШҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы,
ономастикалық жұмыс және талдау бөлімінің басшысы*

ТАРИХИ АТАУЛАР – ҰЛТ АЙНАСЫ

Қазіргі таңда ономастика республикадағы ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде тек ғылыми-тәжірибелік, мәдени тарихи ғана емес, сонымен қатар қоғамдық саяси маңызға ие болып отыр.

Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың тарихи маңызы зор болды. Қазақстанның көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды.

Еліміз егемендік алған жылдан бері облыстағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге оның құрамдас бөліктеріне, нысандарға ат қою және олардың атын қайта атау жұмыстарына ғалымдарды, тарихшыларды, мұрағат қызметкерлерін, қоғамдық ұйымдар өкілдерін тартып және көне-көз қариялардың пікірін ескере отырып, жан-жақты жүйелі зерделеу жұмыстары жүргізіліп біршама атаулар жаңарды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен **2 қаланың** - Лениногорск қаласының атауы - Риддер қаласы болып, Семипалатинск қаласының атауы - Семей қаласы болып өзгертілді.

Сонымен қатар **31 ауылдық округтің, 100 ауылдың** тарихи атауы қайтарылды. Атап айтсақ Крупское-Қабанбай, Горное-Ақбұлақ, Приречное-Алтай, Бобровка-Төсқайың, Московка-Мойылды, Сорвеннок-Бұғымүйіз, Покровка-Маңырақ, Пугачево-Үшбұлақ, Новотимофеевка-Сарыбел, Ново-Андреевка-Алтынбел, Казнаковка-Құлынжон, Ленин – Құнарлы т.т.с.

472 көшенің атауы Ұлы Отан соғысы батырларының және ардагерлерінің, қоғам қайраткерлерінің, еңбек ерлерінің есімдерімен, тәуелсіздікті және ұлттық нышанды білдіретін атаулармен қайта аталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен **44 мектептің** атауы мектептер орналасқан ауылдардың атауымен және елімізге, жерімізге еңбегі сіңген ірі тұлғалардың есімдерімен өзгертілді.

Дегенмен, облыс бойынша әлі болса 14 ауылдық округтің, 30 ауылдың, 439 көшенің атауы кеңестік идеологияны насихаттайтын атаулар. Мысалы Калинин, Куйбышев, Киров, Ленин, Крупская, Лениногорск, Чапаев, Комсомол секілді халқымыздың ұлттық сипаты мен елдігімізге сын болар елдімекен, көше атауларын облыс аумағынан әлі де болса кездестіруге болады. Осы секілді елдімекен атаулары тәуелсіз елдің мүддесіне қарай неге толық өзгертілмей жатыр деген пікірлер де айтылып жүр. Кей азаматтар қандай да бір елді мекен, не болмаса



басқа да жана атауды қажет ететін нысандарға ат беру мәселесінде ұлттық мүддеден гөрі жеке мүддесін жоғары қояды. Осылайша өз ата-бабасының, не болмаса туған-туыстарының атын ұсынады. Біз – ең алдымен осыдан сақтануымыз қажет. Жаңа атау беру – ағайын-туыс не болмаса белгілі бір ру өкілінің беделін арттыру емес, сол өлкенің тарихына деген жанашырлықпен жүзеге асырылуы тиіс.

Тағы бір тоқталып өтер жайт, кейінгі уақытта 3 рет мораторий жариялануына байланысты атауларды өзгерту шектелді. Бұл уақытта тек Ұлы Жеңістің 70-жылдығы мерейтойына байланысты **1 елді мекеннің 16 көшенің, 8 мектептің** атауы Кеңес Одағы батырларының және ардагерлерінің есімдерімен және Ел тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай **16 көшенің, 11 мектептің атауы** елімізге еңбегі сіңген тұлғалардың есімдерімен және қазақстандық тәуелсіздігімізге сай атаулармен қайта аталды.

Елге еңбегі сіңбеген, танымал емес тұлғалардың есімдерін объектілерге, көшелерге беру үрдісі белең алуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 28 ақпандағы тапсырмасына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне, нысандарға **кісі есімдерін беруге түбегейлі шектеу қойылуын байланысты** қазіргі уақытта өңірлерде кездесетін **идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды** тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту жұмыстары жүргізілуде.

Облыс бойынша ономастика саласында қиындық туғызып отырған мәселелерге тоқталсақ. Тарбағатай, Аягөз, Үржар аудандарынан есімі елге әйгілі емес, заңға қайшылық тудыратын тұлғаларға көше атын беру бойынша құжаттар көптеп келеді. Бұл да ономастика жұмысын жүргізуге кері әсерін тигізіп отыр.

Өскемен, Семей, Риддер қалалары және Глубокое, Көкпекті, Шемонаиха, Зырян аудандарында қазақстанның тәуелсіздігіне сәйкестендіретін елді мекендер, көшелер көптеп кездеседі.

Өскемен қаласы бойынша екі рет, немесе 6 ретке дейін қайталанатын көшелердің атаулары кездеседі. Мысалы, Паровоз атауымен 6 көше, 4 көше атауы Автогараж, 3 Арық көшесі, 3 Мельничная көшесі, 4 көше Богдан Хмельницкий атында, 4 көше Кривонос атауымен аталынады. Ал, кеңестік дәуірден қалған Краснодонская, Краснознаменная, Краснофлотская, Комсомольская деген көшелер тізбесі де 18 көшені құрайды. Сондай-ақ Семей қаласында мән-мағынасы жоқ атаулар-591 болса, кеңес дәуірінен қалған атаулар-11.

Көкпекті ауданы бойынша кеңес дәуірінен қалған атаулар саны-42, оның ішінде Ленин атында 8 көше, Советская-9 көше.

Глубокое ауданында Ленин, Комсомол, Совхозная сияқты көшелерінің саны-93. Оның ішінде 5-Калинин көшесі, 9-Ленин көшесі бар.

Шемонаиха ауданында 43-көше кеңестік дәуірден қалған, олар Советская-9, Косомольская және Пионерская көшесі-6.

Риддер қаласында 9 көше Кеңестік дәуірден қалған атаулар. Оның ішінде Стахановская 1,2,3 деп қайталанатын көше атаулары да бар.

Зырян ауданында 68 көше қайта атауға жатады. Мұнда Советская көшесінің саны-14 болса, Комсомольская, Линия 1,2,3 деп қайталанатын атаулар да кездеседі.

Сол сияқты Глубокое, Шемонаиха, Зырян, аудандарында елдімекендердің атаулары әлі күнге дейін кеңестік дәуірден қалған атаулар. Бүгінгі күні Пролетарка, Октябрьское, Калинин, Чапаев, Куйбышев, Фрунзе т.б. атауларға толып тұр. Бұл аудандардың елдімекендерінің 40%-ы қайта атауға жатады.

Ұлан ауданының Таврия елді мекені жағының 30,3%-ы, Көкпекті ауданының Самар өңіріндегі елдімекендердің 18,5%-ы, Қатонқарағай ауданының елді-мекендерінің 13%-ы қайта атауға жатады.

Бүгінгі тәуелсіздік алған заманда елді мекен мен көше атауларын өзгерту не үшін керек десек. Ол ең алдымен елдікке, халқымыздың болашағына, келешек ұрпаққа керек. Бұл – ұрпақ тәрбиесінің бір саласы, өзекті саласы, аса маңызды буыны. Сондықтан да, жер-су, елді мекен атауын тәуелсіздік жылдары өз атауына сай заңды түрде өзгерту – мемлекеттік маңызы бар көкейкесті мәселе. Бұл бағыттағы жұмысты тоқтатпай әрі қарай жалғастыру баршамыздың міндетіміз.

Тарихи атаулардың ұрпақ игілігі, атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл мұра, қайталанбас құндылық екенін ескеріп, оны жаңа мазмұнмен байыта түсуді мемлекеттілікті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастыруымыз керек. Ономастика саясаты мемлекет тәуелсіздігіне, ел мен жерді ұлықтау идеясына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана ата-баба мұрасы жаңғырып, жеріміздің сәні кіреді, халқымыздың рухы күшейеді.



Сағымбай Жұмағұлов

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы

ЖАҒАНДЫҚ ОНОМАСТИКАНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Түп мағынасы гректің (ὀνομαστική) «атау қоюдың (беру) хас өнері» сөзінен өрбитін ономастика қазіргі әлемдік тіл білімінің маңызды өзегін құрап отыр. Ономастика ХХ ғасырдың 30-жылдары жеке ғылым саласы ретінде кең өріс алды. Оның қазіргі таңда астронимика, зоонимика, каронимика, космоника, хре-матоника, прагматоника, теонимика, топонимика, эргономика, этнонимика ата-латын арнаулы бағыттары бар.

Жаһандық ономастикада әр жылдары атқарылып келе жатқан түрлі деңгейдегі іс-шаралар ауқымы барынша кең. Халықаралық ономастикалық конгресс алғаш 1938 жылы Франция астанасы Парижде өткізілді. 1949 жылы Бельгия-да ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық ономастикалық комитет құрылып, 1950 жылдан бері комитеттің «Онома» журналы жарық көруде. Сонымен қатар Халықаралық ономастикалық конгресс жұмысын жүйелі түрде өткізіп оты-ру дәстүрге айналған. Халықаралық конгресс араға үш жыл салып Еуропаның Барселона, Вена, Лейпциг, Лондон, Хельсинкий өзге де бас қалаларының іргелі ғылыми орталықтарында өткізіліп келеді. Қазақстан тәуелсіздігімен сабақтас Халықаралық ономастикалық конгресске еліміздің ономаст ғалымдары қатысуда.

Жер жаһанда әркезде ономастиканың сан салалы саяси-әлеуметтік мәселеле-ріне ерекше мән-мағына берілуде. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атаулар бойынша құрылған сарапшылар тобы (ағылшын. *United Nations Group of Experts on Geographical Names, UNGEGN*) географиялық атау-ларды стандарттаумен (стандартизация) айналысады.

1959 жылы құрылған сарапшылар тобы БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің құрамында еңбек етуде. Қазіргі таңда аталмыш топтың құрамында бес құрлықты ен жайлаған 24 территориялық бөлімі өз қызметтерін UNGEGN сессиялары жұмыстарының аралығында жүйелі түрде атқарып келеді. Әрбір бөлімі бойынша айқындалып алынған тақырыптық негізде дербес мемлекеттердің этимологиясы мен термин атауларының бағзы дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықтағы тарихы егжей-тегжейлі қамтылған.

Қазақстан Республикасына қатысты мәліметтер мен деректер *Шығыс Еуро-па, Солтүстік және Орталық Азия* бөлімінде берілген.

Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атаулар бойынша құрылған сарап-шылар тобының маңызды органы ретінде географиялық атауларды стандарттау-дың жекелеген мәселелерін арнайы қарастыратын жұмыс тобы саналады. Бү-гіндері олардың қатарында «Ел атаулары», «Топонимикалық мәліметтер»,

«Ақпараттарды тарату», «Романизация (латинизация) жүйесі», «Топонимикалық терминология», «Топонимика бойынша оқу курстары», «Бағалау және жүзеге асыру», «Эксоним бойынша», «Дыбыстау» сонымен қатар «Азшылықтағы және байырғы халықтар тарапынан қолданылатын географиялық атауларды насихаттау» сипатындағы онға жуық жұмыс топтары белгілі.

БҰҰ географиялық атауларды стандарттау бағытындағы конференция жұмыстары осынау жаһандық беделді ұйымның статистика бойынша комиссиясының тарапынан ұйымдастырылып келеді. Бес жылда бір рет БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде өткізілетін конференция жұмысының басты мақсаты ұлттық географиялық атауларды стандарттауға барынша оң ықпал етуді көздейді. Конференция белгілі бір географиялық атауларды қолдану немесе қолданбау туралы кейбір мемлекеттер арасындағы даулы мәселелерге мүлдем араласпай, бейтараптық ұстаным танытуда. Конференцияға жержүзіндегі сан алуан мемлекеттердің жер-су атаулары бойынша білікті мамандары атсалысуда.

Географиялық атаулар бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшылар тобының 29 сессиясы 2016 жылдың 25-29 сәуірі аралығында Бангкокта болып өтті. Оның жұмысына Қазақстан Республикасынан географиялық атаулар бойынша сарапшылар тобы қатысты.

Жұмыс топтары тарапынан атқарылып отырған іс-шараларының ішінде «Романизация (латинизация) жүйесі» ерекше назар аудартады. Бұған қатысты «Руководство по национальной стандартизации географических названий. Группа экспертов Организации Объединенных Наций по географическим названиям» (Біріккен Ұлттар Ұйымы. Нью-Йорк, 2007 жыл) кітабында «Тарихтың ұзақ сонар даму барысында латын емес жазба жүйесін латын әліпбиіне ауыстырудың көптеген амал тәсілдері қолданылып келді. Өзінің табиғатындағы ғылыми негізсіздігі мен мұндалап тұратын көп қырлы әдістер коммуникация барысында айтарлықтай қиындықтар тудыруда. Сарапшылар тобының құрылуы және де конференция жұмысының күн тәртібіне қойылуынан бастап латын әліпбиін қолданбайтын әр бір тіл үшін ғылыми қағидаларға негізделген бірыңғай романизациялау жүйесін ұсыну мақсаты басты орында тұрды. Сессия жұмыстарының аралығында романизациялау бағыты бойынша жұмыс тобы осы сипаттағы жүйеге қатысты байыпты келісімдер жасауға ұмтылуда.

Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атауларды стандарттау бойынша өткізілген сегізінші конференциясында (2002 жыл) олардың бәрі дерлік ұлттық және халықаралық деңгейде жүзеге асырылмағанына қарамастан нақты 28 тіл бойынша белгілі бір жүйелер бағдары бекітілгені хабарланды (қараңыз: *E/CONF.94/CRP.81 u Add. 1*). Тағы да 17 тілге қатысты романизациялануы бойынша жүйенің өңделуі немесе ресми мәртебесінің берілу мәселесі әлі де шешілу үстінде болғандықтан олардың халықаралық деңгейде қолданылуы толықтай мақұлданған жоқ.

Жұмыс тобы латын әліпбиін қолданбайтын әрбір тіл үшін романизациялаудың белгілі бір ортақ жүйесінің енгізіліп, оңтайлы шешімін табатынына үміттенеді. Бұл бағыттағы оң өзгерістерді жіті бақылап, өз қадағалауларында ұстап отырмақ.

Жұмыс тобы мына сілтемедегі веб-сайтта жүргізіледі: <http://www.eki.ee/wgrs/> деп жазылған.

Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атауларды стандарттау туралы қарары мен конференцияларының шешіміне сай мақұлданған романизациялау жүйесіндегі тілдер: амхар, араб, ассам, бенгал, болгар, грек, гуджарат, иврит, каннада, қытай, кхмер, кирилл қарпіндегі македон, малаялам, маратхи, монғол (Қытайдағы), непал, ория, пенджаби, парсы, орыс, серб, тай, тамил, телугу, тибет, ұйғыр, урду, хинди.

Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атауларды стандарттау туралы қаулылары мен конференцияларының баяндамаларында романизациялау жүйесі туралы айтылғанымен, мақұлданбаған тілдер: армян, белорус, бирма, грузин, дзонг-кэ, қазақ, қырғыз, кәріс, лаос, мальдив, кирилл қарпіндегі моңғол, кирилл қарпіндегі голь, пушту, сингал, тәжік, тигринья, украин, жапон.

Бұл реттен алғанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының өзектілігі мемлекет атауын БҰҰ географиялық атауларды халықаралық стандарттау талаптарына сай рәсімделуі әрі мақұлдануы тұрғысында барынша айқындала түседі. Демек, Елбасының «Латыншаға көшудің терең логикасы бар» деген пікірінің түп негіздері қазақ мемлекетінің ресми атауын халықаралық стандарттарға сәйкес түпкілікті орнықтырудағы сарабал саясатын көрсетеді.

Ономастика қандай да болмасын елдің мемлекеттік идеологиясының ажырағысыз бөлшегі. Отарсыздану үдерісін өткерген елдерде байырғы жер-су атауларының қалпына келтірілуі табиға заңдылық. Мәселен Болгарияда түріктің Хаджиоглу Пазарджик қаласы 1882 жылы Добрич деп өзгертілді. Польшада немістің Данциг және Бромберг қалалары Гданьск және Быдгощ, Эстонияда немістің Аренсбург қаласы 1917 жылдан Курессааре, 1952 жылдан Кингисепп деген ұлттық сипатта аталуда.

1918 жылы тәуелсіздігін алған Чехияда немісше жөн-жозықсыз бұрмаланып келген елді-мекендердің бәрі дерлік славяндық негіздегі тарихи атауларын иеленді. Адамштал – Адамовым, Ауссиг – Усти-над-Лабем, Аустерлиц – Славков-у-Брна, Бенешау – Бенешовым, Боденбах – Дечиным, Брюкс – Мостом, Брюн – Брно, Брюнлес – Брничком, Будвайс – Ческе Будейовицем, Виттингау – Тржебонем, Гайерсберг – Летоградом, Нойтитшейн – Нови-Йичиным деп өзгертілді.

Африканың Конго еліндегі белгиялықтар тарапынан Лепольд Леопольдвиль патшаның құрметіне қойылған қала атауы 1971 жылы Киншасу болып қайта жаңғырды. Зимбабведе ағылшынның Солсбери қаласы 1982 жылы Хараре деп

ұлттық негізде жаңарды. Индонезия мемлекетіндегі бельгиялықтардың арғы аталары батавалардың есімімен сабақтастырылып берілген Голландиялық Батавия 1942 жылы Джакарта болып алмастырылды.

XVII-XVIII ғасырларда ағылшындар тарапынан салынған Үндістандағы ағылшын-португалдық тұрпаттағы бірнеше ірі қалалар ұлттық атауларын иеленді. Бомбей атауы 1995 жылы үнді құдайы Мумбаи құрметіне қайта алмастырылса, ағылшындар негізін қалаған Мадрас 1996 жылы Ченнаи, Форт Уильямс яғни Калькутта 2001 жылы Колкату деп өзгертілді.

Еліміз бойынша да мемлекеттік маңызы зор келелі істер атқарылуда. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы бірліктерінің атауларын реттеу туралы» Жарлығының негізінде қазақ тіліндегі географиялық атауларды ұлттық орфографияға сай рәсімдеу жұмыстары қолға алынды. 2002 жылы ҚР БЖҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен География институты және Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің «Ұлттық картографиялық қоры» мамандарының бірлесе отырып атқарған қажырлы еңбектерінің барысында «Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан» атты нұсқаулық әзірленді. Ғалым Телғожа Жанұзақтың жалпы редакциясымен «Жер-су атауларының анықтамалығы» (Алматы: «Арыс» баспасы, 2009) жарық көрді.

Жаһандық ономастиканың кейбір қырларын зерделей келе түйеріміз, қазақ елінің де байырғы жер-су атауларының қалпына келтірілуі табиғи құбылыс. Отандық ономастика бағытында атқарылатын келелі істерде әлем елдерінің озық тәжірибесіне (жер-су атауларын дұрыс таңбалап, нормаға түсіру; үнемі тіркеліп және бекітіп отыру, олардың ұлттық негізде стандартталған нұсқасын жасау; физикалық-географиялық нысандар атаулары, топонимдердің транслитерациясы, географиялық атауларды ұлттық орфографияға сай рәсімдеу т.б.) иек артуымыз заңдылық. Соның ішінде Қазақстан Республикасы географиялық атаулары бойынша деректер базасын құру әрі ортақ жүйеленген картотекаларын түзу, географиялық атауларды романизациялау (латинизациялау), жер-су атауларының қазақша-орысша-ағылшынша стандартталған деректер қорын жасауда атқарылар жұмыстар аз емес.

Жаһандық геоақпараттық кеңістіктегі ұлттық қауіпсіздігімізді сақтау, ұлттық географиялық атаулардың халықаралық қолданыстағы мәдени-тарихи тұғырын бекіте түсу маңызды міндет.



Гүлнәр Әлжанова
Батыс Қазақстан облыстық
тілдерді дамыту басқармасының
бөлім басшысы

ЖАРНАМАЛЫҚ ДИСКУРС: МӘТІН АЯСЫ МЕН АҚИҚАТ ТҮТАСТЫҒЫ

Мемлекеттік тіл саясатының табан тірейтін тұғырлы темірқазығы – ономастика. Өйткені ономастика әрі саясат, екінші жағынан тәлім мен тәрбиенің қайнар бастауы. Сондықтан ономастиканың басым бағыты – көрнекі ақпарат пен жарнама мәселесі. Бүгінгі біздің алдымызда тұрған негізгі міндет жарнама тілін қалыптастыру. Осы дөңгелек үстелге де жарнама мәселесін арқау ету жарнама мәтініне қойылатын тілдік талаптардың әлі де ойдағыдай болмай отырғандығынан туындап отыр.

Жарнама мемлекеттік тілде жасалуы тиіс. Жарнамаға қатысты мәтіндер қазақ тарихында әріден қалыптасқан. Мысалы өлең шумақтары, шешендік сөздер, мақалдарды қазақ тілінің табиғатына, қазақ ұлтының ұғымына сай қолданғаннан ұтпасак ұтылмайтынымыз анық. Қазіргі жарнамалар алдымен орыс тілінде дайындалып, содан соң ғана мемлекеттік тілге аударылады. Сондықтан аударма тартымсыз, мән-мағынасы күңгірт болғандықтан адамзатты өзіне ынтықтыра алмай келеді, ал орыс тіліндегі жарнама мәтіні алдымен эстетикалық, дизайндық, тілдік - эмоциялық тұрғыдан сарапталып барып, көпшілікке ұсынылады. Біздің жарнамамыз бір ғана аудармашы – маманның өресімен шектеледі.

Жалпы жарнама жасау, тарату, орналастыру мәселесі Қазақстан Республикасы «Жарнама туралы» Заңымен реттеледі. Заңның негізгі мақсаты – жөнсіз жарнамаға жол бермеу және оларға тыйым салу болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағында жарнама мемлекеттік тілде және орыс тілінде таратылады. Бұл жерде негізгі талап - жарнама мазмұнының бір тілден екінші тілге аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмалауға тиіс екендігі.

Елімізге нарық заманы дендеп енгелі көрнекі ақпараттың, яғни жарнаманың маңызы арта түсті, өйткені жарнама – бүгінгі өміріміздің ең басты табыс көзі. Кез келген жарнама беруші тұлға өз өнімін жарнамалап, насихаттамай табысқа жете алмайды. Алайда жарнаманың да түр-түрі бар. Арзанқол, мән-мағынасы түсініксіз немесе мүлдем жайсыз жарнамалар адам санасына сіңе бермейді, кез келген адам оны қабылдай алмайды. Өйткені жарнама аз сөзбен, мәнді де мағыналы ойды білдіргенде ғана жұртшылықтың санасына тез сіңеді. Сондықтан, жарнама жасаушылар осы мәселеге басты көңіл бөлгендері жөн. Жарнама әр адамның психологиясына әсер ететіндей, адамды ынтықтыра алатындай болғанда ғана тиімді болары хақ.

Жарнамаға тек тауар өткізудің тиімді құралы деп қарамау керек, ол көпшілікті тәрбиелейтін тәлім мен тәрбие көзі. Өйткені жарнаманы үлкен де, кіші де қарайды, яғни ұлттық болмысымызға жат, ұлттық мүддемізге сай келмейтін күңгірт жарнаманың қажеті қаншалық?

Менің пікірімше, жарнаманы тәрбие құралына айналдыру үшін әрбір жар-

нама беруші тұлға мәтінді лингвистикалық сараптамадан өткізуі тиіс, яғни тіл маманының талқысынан өткен жарнама ұтымды болатындығын еш уақыт естен шығармаған жөн. Қазақтың шұрайлы сөз тіркестері, мақал-мәтелдері, ой орамдары арқылы берілген жарнаманың жанға жайлы болары анық, ол өмірде дәлелденген. Сондай-ақ әріп қателеріне де мән берген жөн, қате жазылған жарнама сақау адаммен тең. Әр адамды өзіне ынтықтыра алатын, тәрбиелік мәні бар жарнама ғана талапқа сай жарнама болып табылады.

Осыған байланысты Батыс Қазақстан облысында жарнама тілін реттеу мәселесінің «Қазақ тілі» қоғамымен бірлесе отырып, тұрақты түрде жүргізілетін мониторингтің нәтижесінде оңтайланып келе жатқандығын айтуға болады. Нақтырақ айтқанда биылғы жылдың өзінде «Облыстық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігімен бірге жүргізілген бақылау рейдтері нәтижесінде автобекеттегі хабарландырулар, жарнамалар мен ақпараттық материалдар, әуежайдағы жарнамалық қалқаншалар, «Орал темір жол вокзалындағы» ішкі және сыртқы ақпараттар, «Астана» СҮ-дегі тауарлық жапсырмалар, «Каспий банк» АҚ-ы тұрғындарға арналған ақпараттық хабарламалар, «Star Food», «Уралочка», «Ыстамбул», «Шаңырақ», «Рахат», «Дастархан», «Вок», «Алтын ғасыр» мейрамханаларындағы және бірқатар дәмханалардағы ас мәзірлері тіл заңнама талаптарына сәйкестендірілді. Бұл рейдтер арқылы біз – басқарма мамандары егер мәтіннің өзі сәтті болса, жарнама да сөзсіз сәтті болатындығына көз жеткіздік.

Сонымен қатар жергілікті телеарна және газет тілшілерін тарта отырып, мемлекеттік тіл саясатын жүргізіп отырған құзырлы органның өкілі ретінде тұрақты түрде қоғамдық бақылау жүргізуді дәстүрге айналдырып келеміз. Мысалы, әрбір жеке шаруашылық нысан иелеріне басқарманың төл жобасы – «Қоғамдық тіл инспекциясының» мүшелерімен тауар түрлерінің атаулары мен ас мәзірлерін, қызмет көрсету парақтарының мемлекеттік тілдегі аудармаларын тегін таратып отырмыз. Сөзім дәлелді болуы үшін Орал қаласының орталығындағы «Астория», «Сим-Сим», «Ақжол», «Soho» мейрамханалары мен өзгеде бірқатар қоғамдық тамақтандыру орындарында тілшілер қауымымен бірге «Тілге көзқарас – елге көзқарас», «Таза қала» акцияларын өткіздік. Жуырда ғана Орал қаласындағы ең басты көшелер - Әбілхайыр хан даңғылы мен Құрманғазы, М.Ықсанов, С.Датов атындағы көшелерде орналасқан ірі сауда орындарындағы жарнамалардың тілдік нормаларға сәйкестігіне бақылау жүргізілді. Нәтижесінде «Красивая Свадьба», «Авто+», «Квант», «Автокомплекс», «Аляска», «Престиж», «Идея», «Агро», «Все для торжества» тәрізді сауда нүктелеріндегі олқылықтар қалпына келтірілді (әріп қателері, мағыналары, т.б.).

Сөйтіп, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету салаларындағы тілдік қолданысты кеңейту мақсатында басқарма 2010 жылы «Қоғамдық тіл инспекциясы» жобасын енгізген болатын. Сол уақыттан бері өз жалғасын тауып келе жатқан аталмыш жоба аясында 2016 жылы қамтылған бизнес субъектілерінің саны 315-тен асса, биылғы жылы 600-ден астам кәсіпкерлік нысанын қамтығалы отырмыз. Қоғамдық тіл инспекциясының көмегімен көрнекі ақпарат, жарнама мәселесін реттеу және іс қағаздарын жүргізу бойынша өңіріміздің Зеленов, Тасқала, Теректі, Бөрлі аудандарының және Орал қаласының көптеген бизнес құрылымдарына әдістемелік көмек көрсетіліп, құжаттама үлгілері қағаз және электронды үлгіде тегін таратылды,

халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін орындардағы преЙскуранттар, жарнамалық ақпараттар мен тауарлық жапсырмалар мемлекеттік тілге аударылды.

Жарнама тіліне қойылатын талаптарды ретке келтіру үшін, жарнама беруші тауарын немесе өнімнің мәтiнiн өзi дайындап, оны тек дизайндық тұрғыдан емес, лингвистикалық жағынан талапқа сәйкестендіруге мән беруі қажет. Сонда ешқандай қателікке жол берілмес еді. Қазіргі жарнамалардағы өріп жүрген қателер жарнама агенттіктеріндегі мамандардың мемлекеттік тілді дұрыс білмеуінен туындап отырғаны сөзсіз.

Осы мәселемен айналысып жүрген маман ретінде біраз статистикаға көз жеткіздім. Енді осындай статистикалық мәліметтерді сөйлетер болсам, отандық жарнама нарығы дәстүрлі түрде жыл сайын 30%-ға өсіп келеді екен. Сонымен қатар Quattro Media агенттігінің мәліметінше, кейінгі жылдары Қазақстандағы жарнама нарығының көлемі төмендегідей көрсеткіштерге ие болып отыр: теледидардағы жарнама – 51,8%, ғаламтордағы жарнама – 23%, газет беттеріндегі жарнама – 12,7%, радио – 5%, басқа жарнама тетіктері – 13,5 % (1 млн. көрерменнің есебімен алғанда), яғни осы көрсеткіш арқылы біз еліміздің теледидар мен ғаламтор желісіндегі жарнамалар көбейіп отырғандығын байқауымызға болады.

Жарнама мәтiнiн жасау ұзақ және қарбалас үдеріс, бір сөзбен айтқанда жарнама мәтiнiн құрастырмас бұрын нарық талаптары мен стратегиясын, жарнама ісiнiң құқықтық негiздерiн, мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторларды бір арнаға тоғыстырған жөн. Сонда ғана лингвистикалық тұрғыдан сауатты және әсерлі мәтiнді жарнама жасалады. Жарнама мәтiнiн құрастыру кәсiби бiлiктiлiктi қажет етеді. Сондықтан биылғы тіл айлығы аясында «Жарнама – жаңалықтың жаршысы» тақырыбында облысымыздағы барлық жарнама агенттіктері арасында байқау өткізгелі отырмыз. Байқаудың мақсаты - жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу және жарнама агенттіктерінің мемлекеттік тілге деген ынта-жігерін:

- ұлттық мүддені қорғау;
- жөнсіз жарнамаға жол бермеу;
- адамгершілік нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

Ал, жарнаманың негізгі функцияларына тоқталар болсақ, олар:

- маркетингтік
- коммуникациялық
- экономикалық
- әлеуметтік міндеттерді атқаруы тиіс.

Өйткені жарнама бүгінгі таңда Қазақстанның ТМД елдерімен және Еуропамен байланыстары арта түскен кезде мәдениеттерді кіріктіретін әмбебап аспап ретіндегі негізгі құрал, жарнамалық мәтiннiң тiлi ақиқатпен, қоғаммен, өркениетпен тығыз байланысты болғанда ғана мемлекеттік тіл жарнама тіліне айналады.

Соңғы кезде жарнамалық дискурста қоғамның әлеуметтік проблемаларының шешілу үрдісі байқалады, яғни бұл дискурс тек мәтiн аясымен шектелмейді, ақиқаттың тұтастығымен де байланысты деген мағынаны білдіреді. Сонда жарнама берушілерден лингвистикалық бiлiм ғана емес, сонымен қатар мәтiннiң қисындылығына мән беру талап етіледі.

Жарнама дискурсы коммуникацияны іске асыратын мәтiнмен де тікелей

байланысты. Жарнамалық дискурста жұмыс жасау саласы мен мақсаттарына қарай бірнеше түрді ерекшелеп көрсетуге болады: мысалы, жеке жарнама (хабарландырулар, ақпараттар), саяси жарнама (саяси париялардың қызметі туралы ақпарат), мәдени жарнама (көрмелер, концерттер т.б.), экономикалық жарнама (тауар, қызмет түрлері туралы жүгіртпе жолдар, хабарлар).

БАҚ өкілдерінің жарнама тілін реттеуге қосып жүрген үлесі мол. Сонымен, жарнама дегеніміз - өте күрделі ұғым. Сондықтан жарнама мәтіндері басқа мәтін түрлерінен коммуникативтік мақсатымен және функционалдық сипатымен ерекшеленуі тиіс.

Көптеген жарнама мәтіндерінің қазіргі кезде эстетикалық талаптарға жауап бермейтіндігі ащы да болса шындық. Өйткені жарнама берушілер тек коммерциялық мақсатты көздейді де, тілдік талап екінші орынға қойылып келеді. Сөйтіп, жарнама мәтіндерінің коммуникациялық факторлары әлі де көңіл бөлуді қажет етеді.

Нарықтық қатынастар дамыған сайын бүгінгі күні бәсекеге қабілетті жарнама жасау – заман талабына айналып отыр. Әсіресе қазақ тіліндегі жарнама жасау, оларды тіл заңдылығы талаптарына сәйкес рәсімдеу – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан тілдің тірлігіне, әсіресе тәрбиелік маңызы бар жарнама жасауға бейқам қарамау үшін жарнамалардың сауатты жазылуына басқарма мамандары тұрақты түрде рейд жүргізіп отырады. Жарнаманың сауаттылығын қадағалау тек тіл мамандарының ғана міндеті емес, сондай-ақ дизайнерлік – безендіру орталықтары мен жарнама агенттіктері көрнекі ақпараттардың заң талаптарына сай ресімделуіне мүдделі болуы шарт.

Биылғы жылы қоғамдық тіл инспекциясы облысымыздағы кәсіпкерлік субъектілердің көрнекі ақпараттарының тіл заңдылығына сәйкестігін тексеруге ат салысты, яғни ағымдағы жылы тіл инспекциясының көмегімен екі жүзден астам жеке кәсіпкерлік субъектілері қамтылып, халыққа қызмет көрсету саласындағы көрнекі ақпараттың жай-күйі анықталды.

Сонымен, ел болып, еңсемізді тіктеп, егемендік алғанымызға 20 жыл болғанда жарнаманы жанға жайлы етіп, ұлттығымызды ұлықтайтын, бояуы қанық, өз болмысымызды айшықтайтын тәрбие мен насихат құралына айналдыру – сала мамандарының парызы болуы тиіс.

Жалт еткен жарнама өзінің дизайнымен, көркемдік ерекшелігімен, мағыналы мәтінімен халықты еліктіре алмаса, онда жарнаманың ұтымсыздығы, талапқа сай еместігі, уақыт көшіне жауап бере алмағандығы. Ұлттық нақыш, салт пен дәстүр, тәрбие мен ұлағат үндестігіне сай жасалған жарнама ғана заман талабынан шығары хақ. Жоғарыға қарап отыра бермей, «біздің бас кеңсемізден келетін стандарттан шыға алмай отырмыз» деген желеуді ұстанып отыратын кейбір кәсіпкерлерімізге айтарым – қазақ тілінде жарнама жасауға бет бұрайық. Өйткені тіл мен діл, ұлт пен ұлағат, дәстүр мен салтты сап түзеткен жарнама ғана тіл заңдылығы талабынан шығары анық.

Ендеше, келер ұрпақты жарнама арқылы ізгілік пен адамгершілікке үндейік. Сонда ғана келешек иесі – жас буынның дидарына жарқын жүзбен қарай ала-рымыз анық. Жарнама – көпшілікті тәрбиелейтін тәрбие құралы деп қарағанда да ғана тілдің туын аспандата аламыз. Олай болса тіл мәртебесін көтеру - әр азаматтың қасиетті борышы екендігін естен шығармайық.



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы
№ _____
№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 261 от: 13.05.2017

Ақмола облысының білім беру, спорт және мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысының мынадай білім беру, спорт және мәдениет ұйымдарына:

1) Ақкөл аудандық білім бөлімі «№ 3 Ақкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жайық Бектұровтың есімі;

2) Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№ 18 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сәкен Жүнісовтің есімі;

3) Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Балуан Шолақтың есімі;

4) Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы «Ақмола облыстық филармониясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Үкілі Ыбырайдың есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) «Сәуле орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – Еңбекшілдер ауданы білім бөлімінің «Шәрәпи Әлжанов атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

2) Ерейментау ауданы білім бөлімінің «Малтабар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Ерейментау ауданы білім бөлімінің «Перуаш Кәрімұлы атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Дружба орта мектебі» мемлекеттік мекемесі Қорғалжын ауданы білім бөлімінің «Ақтан Төлеубаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылығы

от «__»

№ _____

№

№ _____ дана

_____ экз. №

№ исх: 261 от: 13.05.2017

**О присвоении наименований и переименовании организаций
образования, спорта и культуры Акмолинской области**

